Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Embімұнайгаз" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Айқындамалар

1.1. Шартта төмендегідей айқындамалар қолданылады: «Апат» қалыпты және қауіпсіз технологиялық режімде Жұмысты жалғастыру мүмкін болмайтын жағдайды тудыратын Мердігердің/Қосалқы мердігердің Қызметкерлерінің әрекеттері және/немесе олқылықтары нәтижесінде орын алған оқиға. «Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі» екі Тараппен де қол қойылатын және Мердігермен қызметтердің барлығын және/немесе жартысын көрсету фактісі туралы және мұндай Жұмыстардың нәтижелерін Тапсырысшының тиісінше қабылдағанын куәландыратын құжатты білдіреді. «Авторлық сүйемелдеу» – құрылыс жобасы авторының (авторларының) құрылыс сатысын сүйемелдеуді жүзеге асыруы, оның ішінде оған өзгерістер енгізу жөніндегі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіндегі инжинирингтік көрсетілетін қызмет; «Уақытша ғимараттар мен құрылыстар» Жұмыстарды орындау кезінде салынатын және орнатылатын және Мердігермен Жұмыстар аяқталғаннан кейін бөлшектелетін, Жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді. «Кепілдік мерзімі» Мердігер өз есебінен және өзінің қаражаттарымен берілген Шарт бойынша орындалған Жұмыстарда Тапсырысшымен Жұмыс нәтижелерін пайдалану кезінде табылған ақауларды немесе кемшіліктерді түзету мерзімін білдіреді. «Жұмысты жүргізу кестесі» –берілген Шарт бойынша Жұмыстарды бастау күнін, Жұмыстарды орындауды кезеңдерге бөлуді, Жұмыстардың жеке түрлерін орындаудың кезектілігін, Жұмыстардың жеке түрлерін орындау мерзімдерін, жалпы берілген Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімдерін, сондай-ақ Жұмыстардың жеке кезеңдерін және берілген Шарт бойынша Жұмыстардың жалпы құнын анықтайтын Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша. «Жұмыстарды бастау күні» Жұмыстарды жүргізу кестесінде көрсетілген күнді білдіреді. Бұл жағдайда Жұмыстарды бастау күніне Мердігердің Жұмыс алаңында Жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін дайын Қызметкерлері, Жабдығы мен Материалдары, Уақытша ғимараттары мен құрылыстары болуы тиіс. «Жұмыстарды аяқтау күні» Мердігермен Тапсырысшыға Жұмыс нәтижелерін ұсыну және берілген Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Актісіне Тараптармен қол қою күнін білдіреді. «Демобилизация» - Жұмыс алаңынан Қызметкерлер құрамын толық әкету Мердігердің, Қосалқы мердігерлердің және Тапсырысшының Уақытша ғимараттары мен құрылыстарын, Жабдықтарын бұзу және әкету. «Шарт» Шарттың Жалпы талаптарын, Ерекше талаптарын, сондай-ақ Тараптардың өзара келісімі бойынша Тараптардың арасында Шарттың ажырамас бөлігі ретінде ресімделетін қосымшаларды, келісімдерді, кепілдіктерді және міндеттемелерді білдіреді. «Іздестіру жұмыстары» - жұмыстың құрамдас бөлігі болып табылатын және жергілікті жерді топографиялық түсіруді, картографиялық жұмыстарды, топырақ құрамын тексеруді және Тапсырысшы келісімімен жұмыс алаңында Мердігер/Қосалқы мердігер орындай алатын өзге де жұмыстарды қамтитын жұмыстарды білдіреді. «Елішілік құндылық» Мердігер Қолданымды заңнамамен көзделген тәртіппен есептеген, Мердігердің осы Шарт бойынша орындалған жұмыстардағы елішілік құндылық үлесін білдіреді. «Нысанды тоқтату» - құрылысын уақытша тоқтату кезеңіне нысанның аяқталмаған құрылысының құрылмаларының, материалдары мен жабдықтарының сақталуы мен сапалық сипаттамасын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені. «Құпия ақпарат» осы Шарттың талаптарын, мұндай түсінік, деректер немесе ақпарат оларды ұсыну, жасау немесе алу сәтінде: а) Тараптардың заңды немесе шектеусіз иелігінде болмауы; не б)баршаға қол жетімді түсініктің немесе әдебиеттің бөлігі болып табылмауы шартымен бір Тарап екінші Тарапқа не мұндай Тараптың атынан жазбаша нысанда, сызбалар, карталар, компьютерлік бағдарламалар түрінде немесе кез келген өзгедей нысанда кез келген уақытта берген не болмаса жұмыс орындау процесінде Мердігер жасаған немесе алған кез келген түсінікті, деректер мен ақпаратты білдіреді «Құпия құжаттар» Құпия ақпаратты қамтитын кез келген нұсқаулықты, өзіндік ерекшелікті, сызбаны, хатты, электронды және/немесе факсимилді хабарламаны, компьютерлік таспаны, дискетті, картаны немесе кез келген басқа да материалды білдіреді. Шарттың Жалпы талаптарының 23 бабы мақсатында «Құпия ақпарат» термині «Құпия құжаттар» терминін қамтиды. «Құпия ақпарат» және «Құпия құжаттар» терминдері Тапсырысшы Шарт бойынша орындалған жұмыстардың нәтижесі ретінде Мердігерден алған түсініктерді, ақпараттар мен құжаттарды қамтымайды. «Тұлға» кез келген жеке тұлғаны немесе кез келген нысандағы кез келген заңды тұлғаны, не болмаса мемлекеттік органды немесе ведомствоны не болмаса олардың аумақтық бөлімшелерін білдіреді. «Тапсырысшының Материалдары, Жабдығы» берілген Шартты тиісті жолмен орындау мақсатында Тапсырысшымен Мердігерге пайдалануға берілетін немесе сатылатын Тапсырысшының жабдықтарын, қосалқы бөлшектерін, шығыс материалдарын, басқа материалдарын білдіреді. «Мердігердің Материалдары, Жабдығы» Шарттың ережелеріне сәйкес Жұмысты тиісті жолмен орындау үшін Мердігермен және/немесе оның Қосалқы мердігерлерімен ұсынылатын немесе ұйымдастырылатын жабдықты, қосалқы бөлшектерді, шығыс материалдарын, басқа да материалдарды білдіреді. Бұл жағдайда, «Мердігердің аспаптық материалдары мен жабдығы» термині Мердігермен және/немесе оның Қосалқы мердігерлерімен ұсынылатын немесе ұйымдастырылатын, шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажетті, Шарт бойынша Жұмыстарды аяқтағаннан кейін Мердігердің, Қосалқы мердігерлердің немесе олар Жұмысты орындауға дейін тиесілі болған басқа Тұлғалардың меншігінде қалатын материалдар мен жабдықты білдіреді. «Мердігердің құрастырылатын материалдары мен жабдығы» термині Шарт бойынша Жұмыстарды аяқтағаннан кейін Нысанның бір бөлігі болатын және Тапсырысшының меншігіне өтетін Мердігермен және/немесе оның Қосалқы мердігерлерімен ұсынылатын немесе ұйымдастырылатын материалдар мен жабдықты білдіреді. «Мобилизация» Жұмыс алаңына Жұмыстарды орындау үшін қажетті Мердігердің, Қосалқы мердігерлердің Қызметкерлерінің және Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарының әкелінуін, қажетті Уақытша ғимараттар мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құрылыстарды құрастыруды, сондай-ақ Шарт бойынша Жұмыстарды бастауға кірісуге дайын күйді білдіреді. «Нормалар» - құрылыс нормалары және ережелері (ҚНжЕ), электр қондырғыларын орнату ережелері (ЭОЕ), техникалық пайдалану ережелері (ТПЕ), қауіпсіздік техникасы ережелері (ҚТЕ) және Қазақстан Республикасының және Тапсырысшының басқа да қолданыстмдағы нормативтік-техникалық құжаттары. «Шарттың жалпы сомасы» өзіне Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындардың құнын қамтиды және Шарттың Ерекше талаптарында белгіленген. «Нысан» - құрылыс және жобалау құралы, оның ішінде бекітілген ЖСҚ сәйкес нысанды қайта салу, модернизациялау, іске қосу-жөндеу жұмыстары, ЖЗЖ және нысанды пайдалануға беру актісін қоса; «Қалдықтар» - Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процессінде түзілген шикізаттың, материалдардың, басқа да бұйымдар мен өнімдердің қалдықтары, сондай-ақ өздерінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер). «Жоба» – сызбаларды, графикалық және мәтіндік материалдарды, инженерлік есептерді қамтитын және технологиялық, табиғатты қорғау, экономикалық және өзге де шешімдерді көрсететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс құжаттамасын (сәулет, қала құрылысы және құрылыс/геологиялық-техникалық құжаттар), сондай-ақ жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге арналған сметалық есептерді білдіреді. «Тапсырысшының Өкілі» мемлекеттік органнан немесе ведомстводан немесе олардың аумақтық бөлімшелерінен басқа, Тапсырысшымен Шарттың ережелері бойынша жұмыс жүргізумен, жұмыс көлемімен және басқа да мәселелермен байланысты барлық мәселелерде оның мүддесінде өкілдік ету уәкілеттігі берілген және Мердігер оған кез келген уақытта Жұмыс алаңына кіруге рұқсат беруге міндеттенетін Тұлғаны білдіреді. «Мердігердің Өкілі» Мердігермен тағайындалған және Мердігердің атынан Жұмыс алаңында Шартты орындаумен байланысты барлық мәселелер бойынша өкілдік етуге барлық өкілеттіктерге ие мемлекеттік органнан немесе ведомстводан немесе олардың аумақтық бөлімшелерінен басқа тұлғаны білдіреді. «Тапсырысшының техқадағалау Өкілі» Техникалық қадағалау бойынша қызметтерді жүзеге асыруға Тапсырысшымен арнайы уәкілеттендірілген Тұлғаны білдіреді. «Жобалау-смета құжаттамасы» нысанның орналасу орнының қала құрылыстық негізділігінен тұратын графикалық, есептік және мәтіндік материалдарының, Нысанның құрылысын жүргізу мен пайдалануға тапсыру үшін қажетті экономикалық, сәулет, көлемдік-жоспарлау, функционалдық, технологиялық, конструктивтік, инженерлік, табиғатты қорғау және басқа да шешімдерінің жиынтығын білдіреді. Жобалау-смета құжаттамасы Нысанның құрылысы үшін қажетті жұмыстың көлемін, түрін, сапасын, тәртібі мен орындау шарттарын анықтайтын Жұмыс жобасынан және Нысанның құрылысы үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, жұмыстар мен басқа да ұстанымдардың құнының және Жұмыс жобасының талаптарына сәйкес жалпы Нысан құрылысының құнының есебінен тұратын сметалық құжаттамасынан тұрады. «Жұмыстар» Шарт бойынша Мердігермен орындалатын құрылысқа қатысты жұмыстар, операциялар/жобалау бойынша әрекеттер мен ілеспе қызметтерді білдіреді. «Жұмыс алаңы» Мердігер Шарттың ережелері бойынша жұмыс орындау қажет болатын Тапсырысшының қолданыстағы өндірістік нысандарын және/немесе рұқсат етілетін аумақ шегіндегі участокты немесе участоктарды білдіреді. «Жұмыстарды орындауға рұқсат» Жұмыс алаңында Жұмыстарды орындауды бастау құқын беретін Қолданымды заңнамамен белгіленген тәртіпте берілген құжатты білдіреді. «Разрешение-допуск» - означает документ (по установленной Заказчиком форме), предоставляющий Подрядчику право доступа на производственные объекты Заказчика для выполнения Работ и подтверждающий соответствие оснащенности Подрядчика требованиям, установленными технической спецификацией (Приложение №2). «Жұмыстың жасырын түрлері», «Жасырын жұмыстар» құрылыс нысандарын пайдалануға беру кезінде қабылдау комиссияларымен көзбен шолып бағалау мүмкін болмайтын және кейінгі жұмыстармен және құрылмалармен жарысылатын жұмыстың жеке түрлерін (іргетастардың құрылысы, гидрооқшаулау, темірбетон құрылмаларында арматураны және іргелік бұйымдарын орнату және т.б.) білдіреді. Бұл жұмыстар сәйкес Нормалармен анықталған тәртіпте келесі жұмыстар барысында жабылуға дейін тексеруге және қабылдауға ұсынылады. «Жанама қызметтер» Мердігермен тиісті жолмен Жұмыстарды орындауды қамтамасыз ететін қызметтерді білдіреді, яғни технологиялық процесстің мәнін, өнертабыстардың сипаттамасын, жұмыс тәжірибесін табыстау және тиісті жолмен Жұмыстарды орындау үшін қажетті Мердігердің кез келген басқа міндеттерін ұсыну кіретін кез келген басқа қосымша қызметтер. «Жұмыстарды орындау мерзімі» Шарттың ережелеріне сәйкес Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылмау шартымен Жұмысты бастау Күнінен бастап Жұмысты аяқтау күніне дейінгі мерзімді білдіреді. «Қолданылу мерзімі» Шарттың талаптарына сәйкес Шарт мерзімнен бұрын тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, Ерекше талаптарда көрсетілген Жұмыстарды орындау, оның ішінде Шарттың күші болатын кезеңді білдіреді. «Тарап» - Тапсырысшы немесе Мердігер. «Қосалқы мердігер» - осы Шарттың орындалуы шеңберінде Мердігер мен кез келген Тұлға (Тапсырысшы немесе Мердігердің кез келген жұмыскерінен басқа) арасында жұмыстар бөлігін орындауға берілетін келісімді білдіреді. «Техникалық қадағалау» - Қолданымды заңнамамен белгіленген тәртіпте лицензияланатын жобаны,орындалған Жұмыстардың сапасын, мерзімдерін, құнын, қабылдауды және нысандарды Шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде пайдалануға беруді қоса, іске асырудың барлық сатыларында құрылысты қадағалау бойынша қызмет түрі. «Техникалық өзіндік ерекшелік» Жұмыстарды орындау мазмұнына және түріне қойылатын талаптар, Жұмыстарды орындау мерзімі және өтеу тәртібі және Шарт бойынша Жұмыстарды орындаудың басқа да талаптары кіретін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаны білдіреді. «Техникалық мамандар» - ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен төзімділігіне техникалық зерттеуді жүзеге асыру құқық беретін тиісті аттестаты бар сарапшы болмаса өзінің құрамында аттестацияланған сарапшылары бар аккредиттеуші мекеме; «Жұмыс кезеңдері» - Шарт бойынша Жұмысты орындау процессіндегі аралық операциялар кешені; « Нысанның Меншік иесі (құқықты иеленуші) туралы мәлімет» - тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық кадастрдан ұсынған және «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңына сәйкес Тапсырыс берушінің Объектіге меншік құқығының мемлекеттік тіркелгенін растайтын жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер.

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.1.1. Шарттың жалпы сомасына жатқызылады, бірақ шектелмейді : - жобалау-іздеу жұмыстарының бағасы; - жобаларға сараптама жүргізу бағасы (тапсырысшы келісімі бойынша); - құрылыс –монтаждау жұмыстарының құны; - Мердігердің жабдықтарын және уақытша ғимараттары мен құрылыстарын мобилизациялауға/демобилизациялауға және құрастыруға/бөлшектеуге жұмсалған қаражаттар; - Тапсырысшының нысанын қажетті жабдықтар және материалдармен, инфрақұрылым нысандарының құрылғыларымен жинақтау; - мемлекеттік/квазимемлекеттік және/немесе басқа да сырт мекемелерден нысанды жобалауға техникалық талаптар, инженерлік коммуникация алу және орындаумен, және алынған жобалық шешімдерді келісумен байланысты шығындар (қиылысу, жанасу, қосылу және т. б.); - бастапқы деректерді жинаумен, нысанды техникалық зерттеумен, концептуалды шешімдер дайындаумен (жобаға), көрсету материалдарымен, слайдтар және басқалармен байланысты шығындар; - Мердігер жұмыскерлерін кәсіби оқыту, мамандар даярлау, қайта квалификациялау, аттестациялаумен байланысты шығындар; -құрылысты жүзеге асыру сапасына тәуелсіз сәулет-құрылыс бақылауын жүргізу; - барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу құны; - жабдықтарды іске қосу-жөндеу жұмыстары, орнатылған жабдықтарды СНиП сай сынақтан өткізу, жергілікті бақылаушы органдармен пайдалануға рұқсатты келісу; - қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмсалған қаражаттар, соның ішінде Жұмыс алаңының топырақ құнарлығын қалпына келтіру құны, Мердігердің Жұмыс алаңындағы қызметінің нәтижесінде түзілген Қалдықтарды шығаруға және кәдеге асыруға және/немесе сақтауға/көмуге жұмсалатын қаражаттар; - пайдаланылатын қажетті материалдар құны; - Мердігердің Қызметкерлерін және Қосалқы мердігердің Қызметкерлерін Жұмыс алаңына және Жұмыс алаңынан тасымалдаумен, тамақтандырумен, тұруымен байланысты шығындар; - Қосымша қызметтер құны; - сақтандыру шығындары; - дайын нысанды пайдалануға тапсырумен байланысты шығындар; - нысанды мемлекеттік қабылдау актісімен немесе қабылдау комиссиясымен қабылдаумен байланысты барлық шығындар, жұмысшы комиссиясын қоса; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық салықтар мен баждар; - Осы Шарт бойынша жұмыстардың орындалуымен байланысты, Мердігердің өзге де шығындары.

3.2. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ аяқталуы тиіс жұмыстар көлемі анықталған болса, Мердігер Шарттың қосымшаларында ескерілмеген жұмыстарды өз күшімен, қысқа мерзім ішінде аяқтауы және шығындарды шарт сомасын көбейтпей жұмсауы тиіс. Қалай болғанда да Мердігерде Тапсырысшыдан жоғарыда көрсетілген, кейіннен анықталған жұмыс көлемін орындауға жұмсалатын шығынды қайтаруын талап ету құқығы болмайды.

3.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

3.4. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

3.4.1. Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың жалпы сомасының 0 (нөл) % мөлшерінде аванстық төлемді (алдын ала төлем) Мердігерге төлемге шот берген және Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін әрекет ететін, Шарт бойынша Мердігер қабылданған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, аванстық төлемді қайтаруға шартсыз/шақырылмайтын банктік кепілдік берілген күннен бастап [20] (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырысшымен арадағы қағаз жүзіндегі келісім бойынша аударылады. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тиісті жылға арналған ұзақ мерзімді шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін болуы тиіс. Мердігер келесі қаржы жылына алдынғы қаржы жылы өткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады.

3.4.2. Орындалған жұмыс көлемінің мөлшеріндегі аралық төлемдер 90 (тоқсан) %-ы Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және оның негізінде аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып, төлем шот - фактурасы/ шот (инвойс) жазып беріліп, мөрлермен бекітілген, жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Шот-фактура / инвойс салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылып беріледі.

3.4.3. Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшеріндегі түпкілікті есеп айырысу қабылдау комиссиясының объектіні толық көлемде және тиісті сапада пайдалануға беру туралы актісінің негізінде ресімделген ҚҚС-ты ескере отырып, мердігер шот-фактураны ұсынған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) туралы мәліметтер негізінде жүргізіледі.

3.5. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

3.5.2. Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі (оның ішінде, қатерсіздендіру актісі және егер Шартпен көзделген болса, пайдаға асыру актісі);

3.5.3. Шот-фактура;

3.5.4. Орындалған құрылыс жұмыстарының құны және шығындар туралы анықтама;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.5.5. Нысанды пайдалануға қабылдау актісі;

3.5.6. Белгіленген форма бойынша жөндеуден өткен, қайта құрастырылған (жаңартылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісі;

3.5.7. Нысанның Меншік иесі (құқықты иеленуші) туралы мәлімет (қағаз жүзінде және электронды нұсқада);

3.5.8. Осы Шартқа № 6 Қосымшамен белгіленген нысан бойынша аяқталған объектіні қабылдау-беру актісі.

3.6. Аралық төлемдер аванстық төлем сомасын тепе-тең ұстап қалу ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3.7. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Веб-порталда электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

3.8. Құжаттар пакетін беру (шот-фактура/төлемге шот (инвойс), орындалған жұмыстар актісі, өзара есеп айырысуды салыстыру актісі және т.б.) оларды Тапсырысшы кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған құжаттардың әр қайсысында Шарттың номері және тіркелген күні көрсетілуі тиіс.

3.9. Шарт бойынша ақырғы есеп жүзеге асырылғанға дейін Тараптар Тапсырысшы берген формаға сай, өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне Тапсырысшыдан оны алғаннан кейінгі 3 (үш) күн ішінде қол қоюға және Тапсырысшыға тапсыруға міндеттенеді.

3.10. Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар бойынша Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған шарттар және басқа да шарттар бойынша Мердігерге тиесілі сомадан кез келген соманы, оның ішінде аванстық төлемді өтеу үшін ұсталатын сомаға тең келетін соманы, Мердігермен осы Шартпен көзделген өз міндеттемелерінің орындалмағаны және/немесе тиісінше орындалмағаны үшін, біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Тапсырысшымен ұсталатын сома жеткіліксіз болған жағдайда, Мердігер жетіспейтін соманы Тапсырысшыдан тиісті шотты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді.

3.11. Құжаттардың, оның ішінде өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің төлем жүргізуге тиісінше ресімделмегені және/немесе дер уақытында берілмеуімен байланысты, төлем жүргізу мерзімінің өтіп кеткені үшін Тапсырысшы жауапты болмайды.

3.12. Шарт бойынша төлем тенгемен Шарттың 20 тарауында көрсетілген Мердігер есеп шотына ақша қаражатын аудару есебімен жүргізіледі.

3.13. Төлем жүргізу, жүргізбеу деректері немесе кез келген есеп-фактураны, кез келген төлемді немесе кез келген дауды реттеу кезіндегі есептеулерді жүргізуге қарсылық білдіу, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келгенінің үйлесімі, Тапсырысшының Мердігер есеп-фактурасымен келіскендігін білдірмейді. Тапсырысшы тарапынан жүргізілетін кез келген төлем оның берілген кез келген шоттағы соманың одан әрі дұмыстығына наразылық білдіру құқығын береді.

3.14. Тапсырысшы мен Мердігердің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар ондай өзгерту болғанға дейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бір-біріне алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлама мерзімінің бұзылуы нәтижесінде немесе Мердігер тарапынан төлем жүргізу үшін берілген деректемелері қате жазылған жағдайда, Тапсырысшы төлем бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болып саналады. Мұндайда, егер аударылған ақша Тапсырысшының есеп шотына қайта келсе, Тапсырысшы қате берілген деректемелерге ақша аудару барысында жұмсалған қосымша шығын сомасын ұстап қалу арқылы қайтып келген ақшаны Мердігерге аударуға міндетті.

3.15. Мердігердің жұмыссыз бос тұру немесе уақыттың артық жұмсалуы, сондай-ақ апатты жою салдарынан туындаған Мердігердің барлық шығындары, егер олар Мердігердің, Мердігер қызметкерінің, Мердігер өкілінің, Қосалқы мердігердің, олардың қызметкерлерінің өз кінәсінен болса, ол төлемді Мердігер төлейді және ол Тапсырысшы тарапынан қайтарылмайды.

4. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

4.1. Жұмыстың орындалу шарты, көлемі мен орны осы Шартқа Қосымшалар №1, №2 және № 4-пен анықталады, сонымен қатар Мердігер Жұмыстарды орындауға 5 (бес) күнтізбелік күннен болмаса Жұмыстардың орындалу кестесімен көзделген, орындалатын жұмыстың басталу кезеңінен кешіктірмей кірісуге міндетті.

4.2. Жұмыстарды Тапсырысшы Шартқа Қосымшалар №1, №2 және №4 сәйкес, орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне сай көлемде және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстардың орындалу күні болып, Тапсырысшының орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күні саналады.

4.3. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін, Мердігер Тапсырысшыдан өзіне және өзінің қосымша мердігерлері үшін Тапсырысшы территориясында жұмыс жүргізуге Рұқсат алуға міндетті.

4.4. Мердігерден осы Шарт жасалған күннен бастапқы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Рұқсат алу үшін, Мердігердің техникалық сипаттама талаптарына сай, Шарттың барлық талаптары бойынша жабдықталуын растаушы, Мердігердің өндірістік базасына/техника паркіне тексеру жүргізу үшін кіруіне рұқсат алу құқығын беретін, барлық растаушы құжаттарды Тапсырысшыға тапсырады. Мердігер

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құжаттарды тапсырмаған болса, Тапсырысшы жүргізген тексеру қорытындысы бойынша Мердігердің жарияланған жабдықталуы расталмаған жағдайда, сәйкеспеушілік жойылғанға дейін Мердігерге рұқсат берілмейді, мұндайда Мердігер Шарттың 9.2.4, 9.2.7 тармақтарына сай, Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапты болады. Тапсырысшы сонымен қатар осы Шарттың 10.3.2 тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.5. Жұмыстың басталу күні осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыстарды жүргізу кестесімен анықталады.

4.6. Құрылыс алаңында жұмыстар басталғанға дейін Нысан атауы, Тапсырысшы, Мердігер атауы, фамилиялары, лауазымы мен Нысан бойынша жұмыс жүргізушге жауапты тұлғаның телефон көрсетілген ақпарат тақтайшасы (құрылыс нысанының паспорты) орнатылуы тиіс.

4.7. Шарт бойынша жұмыстарды мердігер жұмыстарды жүргізу кестесіне және жұмыс жобасына сәйкес орындайды. Шарт бойынша жұмыстарды мердігер осы Шартта көрсетілген көлемде және мерзімде жұмыстарды орындау үшін қажетті тиісті материалдық-техникалық қуаттарды, білікті адам ресурстарын пайдалана отырып орындайды.

4.8. Мердігер Жобаны жобалауға (қиылысу, жанасу, қосылу және т.б.) техникалық талаптар берген Тапсырысшымен, тиісті мемлекеттік органдармен, сырт мекемелермен келісумен байланысты барлық жобалау-іздеу жұмыстарын (ЖІЖ) тек өз есебінен орындайды, техникалық қызметті жоба бойынша кешенді ведомствалықтан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғанға дейін жүзеге асырады. Тиімділігін арттыру, жобаларды жобалау кезінде орындалатын ЖІЖ тапсырысшыны таныстыру үшін материалдар көрсетіледі (тұсаукесер). Көрсетілетін материалда болуы тиіс: жобаның басты мақсаты, идеясы және ерекшеліктері, жобаны дайындау кезінде пайдаланылатын жаңа технология, қабылданған шешімдердің тиімділігі және оңтайландырылуы есебінен жабдықтарды пайдалану, құрылыс кезіндегі шығындарды азайту.

4.9. Жоба сараптамасын бірыңғай порталға жүктегенге дейін анықталған қандай да бір ескерту болған жағдайда, Тапсырысшы дайындалған Жобаны Мердігерге қайта жасауға қайтаруға құқылы, соның нәтижесі бойынша Жоба коллегиялық кеңесте немесе Тапсырысшының техникалық кеңесінде қайта қаралады.

4.10. Жобаны Тапсырысшының қарауы және келісім беруі Қоғамның ішкі процедураларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, қарау нәтижесі бойынша Жобаның Техникалық сипаттамаға және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестілігі/сәйкес еместігі туралы құжат (келісу парағы) беріледі. Дайындалған Жобадан бөлек, Мердігер Тапсырысшыға бастапқы деректерді, түсіндірме жазбасын (болған жағдайда), Мердігердің жауапты тұлғасының Жобаның қолданыстағы заңнама талапатыран сәйкес дайындалғаны туралы жазбасын, сондай-ақ дайындалған Жобаға қатысты өзге де ақпаратты береді. Қажет болған жағдайда, Тапсырысшы Жоба бойынша тиісті шешім қабылдау үшін, Мердігерден қосымша құжаттарды сұратуға құқылы;

4.11. Қандай да бір ескертулер болған жағдайда, Тапсырысшы дайындалған Жобаны Мердігерге толықтыру үшін қайтаруға құқылы, соның нәтижесі бойынша Жоба коллегиялық кеңесте немесе Тапсырысшының техникалық кеңесінде қайтадан қаралады.

4.12. Жоба бойынша оң қорытынды берілген және оны Тапсырысшы тиісінше бекіткен жағдайда, Мердігер Жобаға қатысты қолданыстағы заңнамамен көзделген тәртіпке сай, тиісті мемлекеттік органдардың келісімін алады.

4.13. Тиісті мемлекеттік органдар мен Тапсырысшыдан оң келісім алған соң, Мердігер кешенді ведомствалықтан тыс сараптама жүргізу үшін, жобаға техникалық қызметті жүзеге асырады, Мердігер кешенді ведомствалықтан тыс сараптамадан берілген ескертулерді өз есебінен жояды.

4.14. Тапсырысшыдан және тиісті мемлекеттік органдардан жоғарыда көрсетілген келісімді алған соң, сондай-ақ Сараптаманың оң қорытындысын алған соң, Мердігер жұмыстың нәтижесін Тапсырысшыға береді.

4.15. Мердігер мәжілісті (тұсаукесер) барлық мүдделі тараптар үшін бейнеконференцбайланыс технологиясын қолдана отырып, онлайн форматта ұйымдастыруы тиіс.

4.16. Мердігер жобаалды және/немесе жоба (жобалау-сметалық) құжатында тауарлар, жұмыстар мен қызметтер деректерінің базасында енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтар, бұйымдар мен конструкцияларды және индустриялы-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органнан жасақталған, олардың жеткізушілерін (болған жағдайда) көрсетуі тиіс.

4.17. Мердігер міндеттеріне жобалау-сметалық құжаттарды және ҚР Нормалары мен Қағидаларына сәйкес жұмыстарды орындау жобасын дайындау және қолдану кіреді.

4.18. Мердігер Жұмысшы жобасы және нормативтік-техникалық құжаттар талаптарының құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасына қатысты сақталуын қамтамасыз етеді.

4.19. Мердігер жасырын жұмыстарды куәландыруды, нормаларда, жұмыс жобасында және (немесе) шартта белгіленген тәртіппен және құрамда жауапты конструкциялар мен жабдықтарды аралық қабылдауды орындауды және құжаттауды қамтамасыз етеді.

4.20. Мердігер Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерінің бәрін немесе бір бөлігін Тапсырысшының алдын ала жазбаша келісімінсіз біреуге қайта беруге құқысыз.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.21. Тапсырысшының әрекеттерімен байланысты емес, Жұмыстарды орындаудың мүмкін болмау тәуекелі кенеттен орын алған жағдайда, оны Тапсырысшыға тапсырғанға дейін Мердігер жауапты болады.

4.22. Жұмыстың қымбаттау тәуекелі үшін, оның қымбаттау себебіне қарамастан, жауапкершілік Мердігерге жүктеледі.

4.23. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын Мердігер «пайдалануға дайын» күйіне дейін жүзеге асыратындықтан, Жұмыстардың орындалуымен байланысты, барлық өзге де құрылыс тәуекелдері үшін Мердігер жауапты болады.

4.24. Осы Шартпен Мердігер міндеттемелері, жауапкершілігі және кепілдік бөлімінде белгіленген шарттары Қосымша мердігерге қатысты да қолданылады, егер басқаша қаралмаған болса немесе Шарт талаптарымен көзделмеген болса. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға Мердігермен тартылған өз қосымша мердігерлерінің кез келген әрекеттері, әрекетсіздері үшін Тапсырысшы алдында жауапты болады. Мердігер Тапсырысшыны Мердігердің қосымша мердігерлерінің алдында, сондай-ақ Мердігердің қосымша мердігерлерімен жұмысты орындау барысында туындайтын, үшінші жақ алдындағы кез келген жауапкершіліктен қорғайды және босатады.

4.25. Жұмыстарды орындау үшін Қосымша мердігерді тарту кезінде Тапсырысшы тарапынан мониторинг жүргізу мақсатында, Мердігер Тапсырысшының бірінші талабы бойынша оған Қосымша мердігермен арада жасалған шарт көшірмесін, Қосымша мердігерлікпен және Жұмыстармен байланысты басқа да құжаттар мен ақпаратты береді. Мердігердің жоғарыда аталған құжаттарды беруден бас тартуы, сонымен қатар жоғарыда аталған құжаттарды жалған мәліметтермен беруі Тараптармен Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы ретінде қаралады және Тапсырысшының Шартты біржақты бұзу құқығын пайдалануына негіз бола алады.

4.26. Мердігермен тапсырылған құжаттар көшірмесінің дұрыстығы күмән туғызатындай жағдай орын алған кез келген уақытта Тапсырысшы Мердігерден 4.25 тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын талап етуге құқылы. Тапсырысшыдан осындай талап түскен жағдайда, Мердігер Тапсырысшы тарапынан сұратылып отырған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

4.27. Мердігер статусы және Жұмыстарға қойылатын талаптар.

4.27.1. Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде мердігер жұмыстарды орындау процесін бақылау және оған басшылық ету құқығымен тәуелсіз мердігер ретінде әрекет етеді және жұмыстардың нәтижелері үшін және Тапсырысшы ұсынатын жұмыс жобасының негізінде қауіпсіздік техникасының, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына сәйкес, сондай-ақ осы Шарт шеңберінде жекелеген жұмыс түрлерін орындау тәсілдері мен әдістерін, тәртібін реттейтін Тапсырысшының ішкі нормативтік құжаттарына (олар болған кезде) сәйкес қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Мұндай ішкі нормативтік құжаттар болған кезде, Тапсырыс беруші оларды шарт бойынша жұмыстарды орындау басталғанға дейін мердігерге беруге тиіс.

4.27.2. Мердігер Жұмыстарды осы Шарт бойынша «пайдалануға дайын» күйінде орындайды.

4.27.3. Мердігер Жұмыстар үшін жобалау-сметалық құжаттарды Тапсырысшымен және мемлекеттік органдармен келісілген және тиісті сараптамалардан өткен күйде пайдаланады.

4.27.4. Мердігер жобалау-сметалық құжаттамада және техникалық сипаттамада көрсетілген барлық жұмыстарды орындауға тиіс. Шартта және Шартқа жалғанған Техникалық сипаттамадағы жобалау-сметалық құжаттар талаптары мен Жұмыстарға қойылатын талаптар арасында түсініспеушілік орын алған жағдайда, Мердігер жұмыстарды қатаң түрде Шарт пен Техникалық сипаттамада көрсетілген Жұмыстар талаптарына сәйкес орындайды.

4.27.5. Жасырын жұмыс түрлерін орындау және қабылдау тәртібі заңнамамен анықталады. Тапсырысшының орындалған жұмыстарды шарт бойынша қабылдауы Мердігер тарапынан Шарт бойынша орындалатын Жұмыстарға көзделген бүкіл атқарушы-техникалық құжаттар пакеті берілген соң жүзеге асырылады.

4.27.6. Орындалатын жұмыстарды қадағалау және тексеру мақсатында Тапсырысшының рұқсат алу, бақылау және инспекциялау құқығы сақталады, және Тапсырысшы орындалатын жұмыстар барысын кез келген тәртіппен және өз қалауы бойынша кез келген уақытта, Тапсырысшы жұмыскерлерін тарту арқылы немесе басқа да жолмен инспекциялауға құқылы, сондай-ақ орындалған жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестілігін анықтау үшін, кез келген уақытта Мердігер материалдары мен жабдықтарын тексеруге құқылы болады.

4.27.7. Егер Мердігер орындайтын жұмыстардың көлемі Шарттың талаптарына сай келмесе немесе оның талаптарына сәйкес орындалмаса, Тапсырысшы бұл туралы мердігерге шарт бойынша жұмыстарды орындау талаптарының бұзылуын тиісті журналда көрсете отырып хабарлайды, ал мердігер жұмыстардағы ақаулар мен кемшіліктерді Тапсырысшы белгілеген мерзімде жояды және жұмыстардың шарт талаптарына сәйкес қамтамасыз етеді.

4.27.8. Тапсырысшы өкілінің қатысуы, сондай-ақ Тапсырысшы тарапынан инспекциялар мен бақылаудың жүргізілуі, мердігерді оның шарт бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігінен босатпайды.

4.27.9. Мердігер немесе мердігер қызметкерлері, мердігер өкілі, қосалқы мердігерлер Тапсырысшы үшін қандай да бір міндеттемелер қабылдауға, сол сияқты жұмыстарды орындау барысында тапсырысшының қызметкері және өкілі болуға құқығы жоқ.

4.27.10. Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді шарт пен заңнаманы тиісінше сақтаған жағдайда өзінің тәуекелі мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жауапкершілігі үшін өз есебінен және өз қаражаты есебінен (төлемді, жалақыны, сыйлықақыны, сақтандыруды және мердігердің қызметкеріне, материалдарға, жабдықтарға, машиналарға, механизмдерге қатысты кез келген сипаттағы әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) орындайды.

4.27.11. Геология немесе археология тұрғысынан қызығушылық тудыратын және жұмыс алаңынан табылған барлық қазбалар, монеталар мен бағалы заттар, сондай-ақ антиквариат заттары, құрылыстар және өзге де қалдықтар немесе заттар (Тараптар арасындағы қатынастарда) Тапсырысшының меншігі болып саналады. Мердігер жоғарыда аталған заттардың немесе заттардың қайсыбірін оның қызметкерлерінің, жұмысшыларының немесе қандай да бір өзге адамдардың жойып жіберуінің немесе зақымдауының алдын алу үшін, жүйелі сақтық шараларын қолдануға міндетті. Мұндай затты тапқан соң, мердігер бұл туралы тапсырысшыға дереу хабарлауға міндетті, ол өз кезегінде осы жағдайда мердігердің не істеу керектігіне қатысты нұсқаулар бере алады.

4.27.12. Мердігер өзінің қосалқы мердігерлерінің, олардың қызметкерлері мен өкілдерінің кез келген әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін, егер мұндай әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді мердігердің өзі жасаған болса, толық көлемде жауапты болады. Кез келген қосалқы мердігерлік шарты Шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

4.27.13. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін шарттың ережелері мен талаптарына, Тапсырысшының нұсқауларына, жұмыс жобасына және жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз тәртібін сақтай отырып, тиісті ынтамен және еңбекқорлықпен, негізсіз кідірістерсіз және жұмыстарды тоқтата тұрусыз орындауға міндеттенеді. Жұмыстарды жүргізу кестесіндегі, жұмыстарды ұйымдастыруға немесе жұмыстарды жүргізу әдістеріндегі жұмысты жабуға жататын кез келген өзгерістер Тапсырысшымен жазбаша келісілуі тиіс.

4.27.14. Әртүрлі шарттар шеңберінде әртүрлі мердігерлердің бір жұмыс алаңында жұмыстарды қатар орындау қажет болған жағдайда, мердігер басқа мердігерлердің жұмыстарды орындауына кедергі келтіретін ешқандай іс-әрекеттерді жүзеге асырмауға міндеттенеді. Әртүрлі мердігерлердің жұмыстарды қатар орындауына және әртүрлі шарттар шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру тәртібін айқындауға байланысты барлық даулы мәселелерді Мердігер Тапсырысшының өкілімен Тапсырысшыға қабылданған шешім туралы міндетті түрде хабардар ете отырып шешеді. Өзара әрекет ету тәртібін Тапсырысшы айқындайды.

4.28. Мердігер материалдары, жабдықтары және қызметкерлері

4.28.1. Мердігер өз есебінен мердігердің құрал-саймандық материалдары мен жабдықтарын, оның қосалқы бөлшектерін, басқа да материалдарды береді және оларды заңнама талаптарына сәйкес тиісті сертификаттау жағдайында жұмыстарды орындаудың кез келген уақытында жарамды жұмыс жағдайында ұстауға міндеттенеді.

4.28.2. Мердігер жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын құрал-саймандық материалдар мен жабдықтар, оның қосалқы бөлшектері, қорлар және басқа да материалдар осы Шарттың талаптарына сәйкес келуге және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігінің талаптарына жауап беруге тиіс.

4.28.3. Құрал-саймандық материалдар мен жабдықтарды жөндеуді, түрлендіруді, техникалық қызмет көрсетуді және ауыстыруды мердігер өз есебінен ұйымдастырады. Мердігер жұмыстарды үздіксіз, тиімді және қауіпсіз жүргізу үшін қажетті құрал-саймандық материалдар мен жабдықтардың, жабдыққа қосалқы бөлшектердің жеткілікті мөлшерін ұстап тұруға жауапты болады.

4.28.4. Тапсырысшының талап етуі бойынша мердігер құрал-сайман материалдарының үлгілерін беруге, Тараптар келісетін тәртіппен құрал-сайман жабдығының жұмысын көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

4.28.5. Тапсырысшының және / немесе Тапсырысшы өкілінің мердігердің құрал-саймандық материалдары мен жабдықтарын тексеруді жүзеге асыруға құқығы, сондай-ақ сынақтар немесе техникалық тексерулер, қауіпсіздік, сапалық тексерулер немесе Тапсырысшының талабы бойынша өзге де тексерулер жүргізу кезінде қатысуға құқығы болуы тиіс.

4.28.6. Мердігердің монтаждалатын жабдығын, материалдары мен көрсетілетін қызметтерін мердігер өз есебінен сатып алады не жүзеге асырады.

4.28.7. Шарт бойынша жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті монтаждалатын жабдықтың, мердігер материалдарының тізбесі жұмыс жобасында айқындалады.

4.28.8. Бұл ретте, Мердігер тиісті жабдықты, материалдарды жеткізуге, тиісті қызметтерді көрсетуге шарттар жасасқанға дейін Мердігердің сатып алуға жоспарлап отырған Монтаждалатын жабдығына, материалдарына қатысты сапалық сипаттамаларын Тапсырыс берушімен алдын ала келісуге, Тапсырыс берушіге сертификаттарды, паспорттарды, сапасын растайтын және Объектіде пайдалануға жарамдылығын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттарды ұсынуға міндеттенеді. Сапаны, үйлесімділікті қамтамасыз ету, жобалық шешімдерді сақтау, сондай-ақ сатып алынатын жабдықтың және/немесе материалдардың нарықтық құнына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жабдықты және/немесе материалдарды сатып алуға тиіс зауыт-дайындаушылардың, олардың ресми жеткізушілерінің не ресми дилерлерінің тізбесін Тапсырыс берушімен алдын ала келісуге міндетті. Мердігердің Тапсырыс берушімен келісілген зауыт-дайындаушылардан, олардың ресми жеткізушілерінен не ресми дилерлерінен жабдықты және/немесе материалдарды сатып алудан бас тартуына (ауытқуына) Тапсырыс берушіні міндетті түрде хабардар ете отырып, жабдықтың және/немесе материалдардың жобалау-сметалық құжаттаманың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын құжатпен дәлелденген мән-жайлар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болған жағдайда ғана жол беріледі. Сапа, жиынтықтылық, жеткізу мерзімдері, монтаждау, кепілдік қызмет көрсету және Тапсырыс беруші алдындағы жауапкершілік бойынша барлық міндеттемелер Мердігерде толық көлемде сақталады. Сатып алуды ұйымдастыруға, логистикаға, зауыт-дайындаушымен, оның ресми жеткізушісімен не ресми дилерімен өзара іс-қимыл жасауға және өзге де міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдерді Мердігер көтереді.

4.28.9. Мердігер сатып алатын монтаждалатын жабдық, материалдар жаңа, жарамды, толық жиынтықты, нормалар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.28.10. Мердігер жеткізетін жабдықтардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың сәйкестілік сертификаттары және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсаты болуға тиіс.

4.28.11. Мердігер Тапсырысшыға жұмыстарды орындау кезінде орналастырылған бағаларды көрсетпей, жабдықтар мен материалдарды жеткізуге арналған барлық тапсырыстардың көшірмелерін береді.

4.28.12. Мердігер Тапсырысшыға жабдықтың, техникалық құрылғылардың, материалдардың тексеруге және/немесе сынауға дайындығы туралы осындай тексеру және/немесе сынақ басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлайды. Тапсырысшы дайындаушы зауытта инспекция жүргізу кезінде қатысу үшін өз есебінен өз өкілдерін жіберуге тиіс.

4.28.13. Мердігер тексеру және/немесе сынақтар жүргізген кезде Тапсырысшы өкілінің қатысуы мердігерді жабдықтың, техникалық құрылғылардың, материалдардың сандық және сапалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

4.28.14. Мердігер мердігер мен қосалқы мердігерлердің машиналармен, техникамен, құралдармен қамтылған, бірақ олармен шектелмеген құрал-саймандық және монтаждалатын жабдығына келтірілген залал үшін дербес жауапты болады.

4.28.15. Тапсырысшы, Тапсырысшы өкілдерінің, Тапсырысшы қызметкерлерінің кінәсінен келтірілген жағдайларды қоспағанда, егер мұндай кінә дәлелденген жағдайда, Тапсырысшы мұндай залал үшін жауапты болмайды.

4.28.16. Мердігер жұмыстарды орындау кезінде қызметкерлердің мәлімделген біліктілік деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

4.28.17. Тапсырысшының жұмыстарды орындайтын мердігер қызметкерлерінің Мердігер Тапсырысшыға берген мәліметтерге сәйкестігін, мердігер мәлімдеген тұлғалардың нақты жұмыстарды орындайтын тұлғаларға сәйкестігі бөлігінде де, мердігер қызметкерлерінің нақты құзыретінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің мердігер мәлімдеген мәліметтерге сәйкестігі бөлігінде де бақылауға құқығы бар.

4.28.18. Тапсырысшы мердігердің мәлімделген қызметкерінің нақты жұмыстарды орындайтын қызметкерге сәйкестігін, сондай-ақ мердігер қызметкерінің нақты құзыретін, біліктілігін, дағдылары мен тәжірибесін мердігер мәлімдеген мәліметтерге сәйкеспейтіндігін анықтаған жағдайда, Тапсырысшы жұмысты тоқтата тұруға және мердігерден мәлімделген мердігерге сәйкес келетін не мәлімделгенмен салыстырғанда құзыреттілігінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің тең немесе неғұрлым жоғары деңгейіне ие қызметкерге қызметкерді ауыстыруды талап етуге құқылы. Жұмыстар тоқтатыла тұрған жағдайда Тапсырысшының осы Шарт шеңберінде шеккен, сондай-ақ жұмыстарды тоқтата тұруды қоса алғанда, мердігердің/қосалқы мердігерлердің кінәсінен келтірілген, осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығыстары, шығындары, шығындары үшін мердігер жауапты болады және өзге де шығындары мердігер Тапсырысшыға өтеуге міндеттенеді.

4.28.19. Мердігер өз қызметкері үшін толық жауапты болады, осыған байланысты туындайтын барлық мәселелерді өз бетімен ресімдейді және Тапсырысшыны өзінің мердігер қызметкеріне қатысты және өз қызметкерінің әрекеттеріне/әрекетсіздігіне байланысты барлық наразылықтардан, шағымдардан және міндеттемелерден босатады.

4.28.20. Егер қызметкер Тапсырысшының шарт бойынша жұмыстарды орындау тәртібін, тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ Шарт талаптарын реттейтін нормаларының, Заңнамасының және ішкі құжаттарының (олар болған кезде) талаптарын бұзған жағдайда, Тапсырысшы мердігерден мердігер персоналын ауыстыруды талап етуге құқылы.

4.28.21. Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартқан жағдайда, мердігер өз күшімен және қаражатымен заңнаманың талаптарына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға қажетті барлық рұқсат құжаттарын алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.28.22. Мердігер Тапсырысшыны заңнама талаптарын бұза отырып жасалған шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты кез келген жауапкершіліктен қорғауға міндеттенеді.

4.28.23. Мердігер өз есебінен мердігердің қызметкерін жазатайым оқиғалардан сақтандыруды жүзеге асыруға, авариялар, техногендік апаттар туындаған және одан әрі емдеу, мердігердің зардап шеккен қызметкерінің медициналық мекемелеріндегі денсаулығын қалпына келтіру жағдайында мердігердің қызметкерін жұмыс алаңынан дереу медициналық эвакуациялауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізуге міндеттенеді.

4.28.24. Мердігер Қазақстан Республикасында төленуге жататын барлық төлемдерді, салықтарды және басқа да алымдарды қоса алғанда, өз қызметкеріне қатысты барлық шығыстарды өз бетімен өтейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.28.25. Мердігер өз күшімен және өз есебінен құрылыс объектісінде жұмыс істейтін мердігердің барлық қызметкері үшін қажетті тұрғын және тұрмыстық үй-жайларды беруге міндетті, мердігерге қызметкерді құрылыс объектісінде орналастыруға тыйым салынады.

4.28.26. Мердігер Тапсырысшының кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, егер мұндай кінә дәлелденсе, Тапсырысшыны мыналарға байланысты барлық наразылықтардан, шығындардан, шығындардан (сот шығындарын қоса алғанда), шығыстар мен міндеттемелерден қорғауға жауапты болады және міндеттенеді: а) шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты мердігер мен Тапсырысшы беретін мүлікке шығын немесе залал; б) мердігер қызметкері жұмыс жүргізу учаскесінде болған кезеңде алған дене жарақаттарын, қайтыс болуын және ауыруын қоса алғанда, мердігер қызметкерінің жарақаттары; в) жарақаттар, соның ішінде дене жарақаттары, адамдардың қайтыс болуы немесе ауруы, үшінші тұлғаның кез келген меншігінен айырылу немесе зиян келтіру.

4.28.27. Тапсырысшы, егер бұл Тапсырысшы кінәсінен болған және егер осындай кінә дәлелденген жағдайда, мердігерді және/немесе оның қосалқы мердігерін мынадай жағдайларға байланысты барлық наразылықтардан, шығындардан (сот шығындарын қоса алғанда), шығыстар мен міндеттемелерден қорғауға жауапты және міндеттенеді: а) Тапсырысшы Шарт шеңберінде немесе оның орындалуына байланысты жалға алатын немесе өзгеше түрде беретін меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі жұмыс алаңындағы Тапсырысшының меншігін жоғалту немесе оған залал келтіру; б) шарт шеңберінде немесе оның орындалуына байланысты тапсырысшы өкілдерінің дене жарақатын, қайтыс болуын және ауыруын қоса алғанда, жарақаттануы; в) жарақаттар, соның ішінде дене жарақаттары, үшінші тұлғалардың қайтыс болуы немесе ауруы, үшінші тұлғаның кез-келген мүлкін жоғалту немесе зақымдау.

4.28.28. Мердігердің айыппұлдарды, өсімпұлдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеуі мердігерді Тапсырысшыға келтірілген залалдарды өтеу жөніндегі міндеттен босатпайды.

4.28.29. Мердігер Тапсырысшының материалдары мен жабдықтарының сақталуына және тиісінше пайдаланылуына жауапты болады.

4.28.30. Мердігер барлық орындалатын жұмыстар үшін, нормалар мен жұмыс жобасының талаптарын сақтамау нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, тапсырысшы мен мемлекеттік органдардың алдында толық жауапты болады және мердігер мен оның қосалқы мердігерлері тартылған барлық ықтимал оқиғалар үшін, тапсырысшы жауапкершіліктен қорғайды.

4.28.31. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелердің барлығын немесе бір бөлігін орындаудан бас тартқан жағдайда, мердігер Тапсырысшыға Шарттың 9-тармағына сәйкес айыппұл төлейді.

4.28.32. Тапсырысшының осы Шарт шеңберінде шеккен, сондай-ақ осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға байланысты жұмыстарды тоқтата тұруды қоса алғанда, мердігердің/қосалқы мердігерлердің кінәсінен келтірілген барлық шығындары, залалдары және өзге де шығындарды Мердігер Тапсырысшыға өтеуге міндеттенеді.

4.28.33. Мердігер Тапсырысшыны жауапкершіліктен босатады, қорғайды, залалды өтейді және шарт бойынша жұмыстарды орындауға байланысты туындайтын зияткерлік құқықтардың бұзылуына немесе болжамды бұзылуына байланысты туындайтын барлық іс-әрекеттерге, шағымдарға, талаптарға, ысыраптарға, залалдарға, шығындарға, шығыстар мен міндеттемелерге байланысты Тапсырысшының жауаптылыққа тартылмауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Тапсырысшыға кез келген патенттік құқықты, тіркелген жобаға құқықты, авторлық құқықты немесе өзге де құқықтарды бұзуға байланысты қойылатын талап-арыздар бойынша барлық, сауда белгісі немесе басқа зияткерлік меншік құқығы.

4.28.34. Мердігер осы Шартты бұзған немесе тапсырысшы шот-фактураларды төлеген кезде Тапсырысшының осы Шартта көзделген барлық немесе қандай да бір құқықтық қорғау құралдарын пайдаланбауы Тапсырысшының мердігердің осы Шартты кез келген бұзғанын мойындаудан бас тартуын немесе осы шартты бұзғаны үшін мердігерге қатысты талап-арыздарға қарсылық білдіруден бас тартуын білдірмейді.

4.28.35. Мердігер / қосалқы мердігер сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сәйкес монтаждалуға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алуға міндеттенеді. Тендер жеңімпазы (мердігер/қосалқы мердігер) коммерциялық ұсыныстарды тендер қорытындылары бойынша Тапсырысшымен сатып алу туралы шарт жасасқан күнге дейінгі мерзімде тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, тендер жеңімпазы (мердігер/қосалқы мердігер) сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен және/немесе тендер қорытындыларын шығару күніне ең төмен баға берген, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте, коммерциялық ұсыныстар тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін берілген жағдайда, коммерциялық ұсыныс берілген кезде ұсынылатын тауарларды беруге арналған шарттың болуы, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда, тендер жеңімпазы (мердігер/қосалқы мердігер) осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды. Мердігердің/қосалқы мердігердің орындалған жұмыстардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмесіне(көшірмелеріне) тараптар қол қойған күнге дейін тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы, сондай-ақ сатып алынатын тауар сериясына берілетін СТ-KZ формалы сертификаттарын (түпнұсқа, нотариус арқылы куәландырылған көшірмесі немесе тауардың ішкі нарықта пайдалану үшін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өндірілгені туралы сертификат берілген кезде уәкілетті органның мөрімен расталған көшірмесі) беруі осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындағанын растау болып табылады.

4.28.36. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (бұдан әрі - ҰКП) арадағы келісім бойынша Сатып алулар жөніндегі қордың операторымен бекітілген, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету кезіндегі тауарларды сатып алу, жұмыстар мен қызметтер тізбесіне енгізілген қызметтерді орындау үшін қажетті тауарлар сатып алынатын тауарларды өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске қосушы ұйымнан жүзеге асырылады. Жұмыстар мен қызметтер шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесі ҰКП-ның келісімі бойынша Қор операторымен бекітіледі. Орындаушы тарапынан Шарттың осы тармағымен көзделген міндеттемелердің орындалуын растау болып, Орындаушымен тараптармен көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (ақырғы) актіге қол қойылған күнге дейін сатып алынатын тауарларды өндірушілерден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндіріс құру жөніндегі жобаны іске қосушы ұйымдардан тауарларды сатып алу туралы шарттар көшірмелері, тауарларды қабылдау-тапсыру актілері берілген күнге дейін тапсыруы саналады. Орындаушы Шарттың осы тармағымен көзделген міндеттемелердің орындалуынан босатылады, егер тауардың жеткізілу бағасы, сипаттамасы мен мерзімі Шарт талаптарымен көзделген Орындаушы талаптарына сәйкес келмейтін жағдайда. Баға Орындаушы талаптарына сәйкес келмейтін жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттардың және тауарларды қабылдау-тапсыру актілерінің, тауар өндірушімен/жаңа өндіріс құру жөніндегі жобаны іске қосушы ұйым тарапынан ұсынылған, тауарлар бағасынан төмен бағаның көшірмелерін береді.

4.29. Тапсырысшы материалдары мен жабдықтары

4.29.1. Тапсырысшы Мердігерге Тапсырысшының қоймаларында бар тапсырысшы материалдары мен жабдықтарын беруге құқылы.

4.29.2. Тапсырысшының материалдары мен жабдықтарын мердігерге беру Тапсырысшы мен мердігер арасында жеке шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

4.29.3. Мердігер Тапсырысшы материалдары мен жабдықтарына келтірілген кез келген шығынды толық көлемде қайтаруға міндеттенеді, барлық жағдайды қоса, бірақ шектелмей: А) тиісінше пайдаланбау; б) материалдарды жоспарланған көлемінен дәлелсіз артық жұмсау; в) жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұзу; г) жабдықтар мен материалдарды бүлдіру, ұрлау, егер мұндай залал Тапсырысшының, оның өкілдерінің немесе қызметкерлерінің кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, егер осындай кінә дәлелденген болмаса ол осы Шарттың 12-бөлімінде жазылған себептерден туындаған болса. Кез келген жағдайда мердігер Тапсырысшының жабдықтары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барынша мүмкін болатын күш-жігерді жұмсауға міндеттенеді.

4.30. Тараптар өкілдері.

4.30.1. Мердігер жұмыстар басталған күнге дейін осы Шартқа сәйкес орындалатын жұмыстар үшін жауапты болып табылатын мердігердің өкілін, мердігердің жұмысына басшылық жасау жөніндегі және мердігер мен Тапсырысшының арасында осы Шартқа сәйкес жұмыстарға қатысты туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу жөніндегі барлық өкілеттіктері бар жұмыс алаңындағы мердігердің өкілін тағайындайды.

4.30.2. Мердігер жұмыстар басталатын күнге дейін Тапсырыс берушімен жобаның бас инженерін, сондай-ақ мердігердің басқа да өкілдерін тағайындауды/ауыстыруды келісуге міндетті.

4.30.3. Тапсырысшы жұмыстарды бастау күніне дейін мердігер мен Тапсырысшының арасында осы Шартқа сәйкес жұмыстарды орындауға қатысты туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша барлық өкілеттіктерге ие Тапсырысшының өкілін тағайындайды. Тапсырысшы осы Шарттың мақсаттары үшін, Тапсырысшы өкілдерін қажетті кез келген санда тағайындауға құқылы. Тапсырысшы мердігерге Тапсырысшының барлық өкілдерін тағайындау/ауыстыру туралы хабарлап отырады.

4.30.4. Тапсырысшы мен мердігер өкілдерінің осы Шарттың талаптарына немесе ережелеріне қатысты қандай да бір өзгерістер немесе толықтырулар қабылдауға болмаса Тараптардың осы Шартта көзделген қандай да бір құқықтарынан, міндеттерінен бас тартуын бекітуге өкілеттіктері жоқ. Мұндай өзгерістер Тәртіпке сәйкес ғана жүргізілуі мүмкін және тараптар қол қойған осы Шартқа қосымша келісіммен ресімделуі тиіс.

4.30.5. Тапсырысшы өкілінің жұмыс жүргізу бойынша күнделікті есептерді, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес орындалатын жұмыстарға қатысты кез келген өзге де ақпарат пен есептерді алуға құқығы бар. Тапсырысшы өкілінің мердігер жүргізетін жұмыстардың барысын кез келген уақытта қадағалауға, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға және жұмыс алаңы мен мердігер орындайтын жұмыстарды инспекциялауды жүргізуге құқығы бар.

4.30.6. Тапсырысшы өкілі Шарттың ережелеріне сәйкес Тапсырысшы қаражатының мақсатты және ұтымды пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

4.30.7. Тапсырысшы өкілі мердігердің (мердігер өкілінің) құрылыстың жұмыс жобаларымен қамтамасыз етілуі және олардың сапасы мәселелері, сондай-ақ сапаны бақылау және жұмыстарды қабылдау мәселелері жөніндегі талаптарын қарайды. Тапсырысшының өкілі осы шағымдар бойынша шешім қабылдайды немесе Тапсырысшының шешім қабылдауы үшін өз ұсыныстарын енгізеді.

4.30.8. Тапсырысшының өкілі мердігер осы Шарттың талаптарын, осы Шарт шеңберінде қандай да бір жұмыс түрлерінің орындалуын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

реттейтін нормалар мен заңдардың талаптарын бұзған жағдайда, Тапсырыс берушіге жұмысты тоқтата тұру мүмкіндігі туралы хабарлауға міндетті. Шарттың осы тармағының негізінде жұмыстар тоқтатыла тұрған жағдайда мердігер Шарттың 9.2-тармағымен көзделген жауаптылықта болады.

4.31. Авторлық сүйемелдеу және техникалық қадағалау.

4.31.1. Жұмыстардың орындалуы үшін авторлық сүйемелдеу және/немесе техникалық қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.31.2. Авторлық сүйемелдеу Тапсырысшы мен Авторлық сүйемелдеу жүзеге асыратын тұлға арасында жасалған, бөлек Авторлық сүйемелдеу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

4.31.3. Тапсырысшының авторлық сүйемелдеу және техникалық қадағалау өкілінің өз құзыретіндегі мәселелер бойынша талаптары мердігер үшін міндетті. Өз міндеттерін орындау кезінде Тапсырысшының техникалық қадағалау өкілінің мердігердің шаруашылық қызметіне араласуға құқығы жоқ.

4.31.4. Авторлық сүйемелдеу және/немесе техникалық қадағалау:

4.31.4.1. құрылыс процесінде ғимараттар мен құрылыстарды салу бойынша орындалған жұмыстардың жобада көзделген шешімдерге және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

4.31.4.2. технологияны (оның ішінде құрылысты ұйымдастыру жобаларын), құрылыс-монтаждау жұмыстарын және технологиялық және басқа да жабдық түрлерін монтаждау бойынша жұмыстарды жүргізу сапасын сақтау;

4.31.4.3. келесі жұмыстар мен конструкциялармен жасырылатын негізгі жұмыстарды куәландыру актілерін жасауға бірлесіп қатысады;

4.31.4.4. конструкцияларға, бөлшектерге, құрылыс материалдары мен жабдықтарға арналған сертификаттардың (паспорттардың) және басқа да техникалық құжаттаманың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

4.31.4.5. құрылыста мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін конструкциялардың, бөлшектердің, бұйымдардың, құрылыс материалдары мен жабдықтардың қолданылмауын бақылайды.

4.32. Құрылысты тоқтату, тоқтата тұру және объектіні консервациялау.

4.32.1. Осы Шарт бойынша жұмыстарды тоқтату, тоқтата тұру, сондай-ақ объектіні консервациялау осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

4.32.2. Жұмыстарды 6 айдан астам мерзімге тоқтату немесе тоқтата тұру қажет болған кезде Тапсырыс беруші объектіні консервациялауды қамтамасыз етуге тиіс.

4.32.3. Құрылысты тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды және қабылданған шешім туралы мердігерге, сәулет-құрылыс инспекциясының тиісті органына және жергілікті атқарушы органға хабарлайды.

4.32.4. Қажет болған жағдайда Тапсырысшы объектіні консервациялаудың жұмыс сызбалары мен сметасын әзірлейді, ал мердігер осы жұмыс сызбалары мен сметаларында көзделген жұмыстарды орындайды.

4.32.5. Консервацияланған Объект пен жұмыс алаңы акт бойынша Тапсырысшыға немесе ол уәкілеттік берген ұйымға беріледі.

4.32.6. Объектіде жұмыстар қайта басталған кезде Тапсырысшы объектінің жай-күйін көрсете отырып, консервацияланған объектіні және жұмыс алаңын акт бойынша мердігерге береді. Қажет болған жағдайда конструкциялар мен жүйелердің техникалық жай-күйіне тексеру жүргізіледі. Тапсырысшы жұмыстарды орындауға рұқсатты қайта жаңартады немесе қайта алады, сондай-ақ мердігерге қажетті атқарушылық-техникалық құжаттаманы береді.

4.33. Техникалық және бухгалтерлік құжаттар

4.33.1. Мердігер заңнамада белгіленген жалпы қабылданған принциптер мен стандарттарға сәйкес, барлық жобалау-сметалық құжаттаманы және атқарушылық-техникалық құжаттаманы, бухгалтерлік кітаптар мен жазбаларды толық және дәл жүргізуге міндетті.

4.33.2. Тапсырысшының кез келген уақытта шарт бойынша жұмыстарды орындауға қатысты құжаттаманы сұратуға құқығы бар, оны Тапсырысшының жазбаша талабы бойынша мердігер сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде беруге тиіс.

4.33.3. Мердігер атқарушылық-техникалық және өзге де құжаттаманы Тапсырысшыға қағаз жүзінде және сканерленген форматтағы электрондық нұсқаларда ұсынады. Тараптардың келісімі бойынша құжаттама өзге форматта ұсынылуы мүмкін.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.33.4. Құжаттаманың электрондық нұсқалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс: - қағаз жүзінде ұсынылған құжаттардың мазмұны бойынша сәйкестілігі; - сканерленген құжатта барлық талап етілетін қолдардың болуы (егер мұндайлар көзделсе); - сканерленген құжаттың сапасы мазмұнын оқуға мүмкіндік беруі керек; - сканерленген файлдың көлемі сапасын жоғалтпай, кішірейтілген көлемде жеткізілуі керек.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

5.1. Мердігер міндеттенеді:

5.1.1. Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес орындауға;

5.1.2. Тәртіпке сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Мердігердің тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесін (көшірмелерін), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымға (ұйымдарға), тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін ұсынуы Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

5.1.3. Жұмыстардың Шарттың және оның қосымшаларының талаптарына сәйкес тиісінше және дер уақытында орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

5.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

5.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

5.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

5.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

5.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

5.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

5.1.11. Жұмысқа тартылған шетелдік қызметкерге қатысты қазақстандық қызметкерлер үшін тепе-тең еңбек жағдайы мен еңбек ақыны қамтамасыз ету, оның ішінде:

5.1.11.1. Мердігер жұмыскерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын қосымша мердігерлерінің арасындағы еңбек ақы саласында кемсітушілікке жол бермеу;

5.1.11.2. Тапсырысшы талабы бойынша Шарт міндеттемелерінің орындалуы барысында тартылған Мердігер жұмыскерлері және оның қосымша мердігерлерінің саны мен лауазымы туралы ақпаратты олардың азаматтығын көрсету арқылы беру;

5.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 5.00 % мөлшерінде банк кепілдігі немесе ақшалай жарна (төлем тапсырмасы) түріндегі Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Шарт ұзақ мерзімге (бір жылдан астам мерзімге) жасалған жағдайда, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету оның бүкіл қолданылу мерзіміне беріледі.

5.1.13. Аванстық (алдын ала төлем) қайтаруды қамтуға банктік кепілдік және Шарттың орындалуын қамтамасыз етуде төмендегідей ақпарат болуы тиіс:

5.1.13.1. банктік кепілдік түрі;

5.1.13.2. банк атауы;

5.1.13.3. банктік кепілдік номері (кепілдік міндеттемесі);

5.1.13.4. банктік кепілдік берілген күн;

5.1.13.5. Мердігер атауы;

5.1.13.6. шарт номері және күні;

5.1.13.7. шарттың мәні;

5.1.13.8. банктік кепілдік сомасы;

5.1.13.9. банктік кепілдіктің әрекет ету мерзімі.

5.1.14. Тәртіппен белгіленген тәртіп бойынша, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндіріс ашу жобасын іске асырушы мекемелерден сатып алу. Мердігердің орындалған жұмыстарды қабылдаудың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмесін тараптар қол қойған күнге дейін беруі мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/шарт талаптарында жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерге беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

5.1.15. Тапсырысшыға орындалған жұмыстарды қабылдаудың түпкілікті актісімен шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық үлесінің есебін ұсыну (жүйеде ұсынылады).

5.1.16. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Объектіні Тапсырыс берушінің материалдық жауапты тұлғасына осы Шартқа № 6 Қосымшамен белгіленген нысан бойынша аяқталған объектіні қабылдау-беру актісі бойынша тапсыру.

5.1.17. Шартта көзделген орындалған жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

5.1.18. Жұмыстар орындалып аяқталған соң, нысанды қабылдауға қабылдаудың ақырғы актісімен/жөндеуден өткен, қайта жасақталған (жаңартылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісімен бірге Тапсырысшыға Жұмыстарға қатысты елішілік құндылық үлесінің нақты есебін Шартқа Қосымша №3-гі форма бойынша тапсыру;

5.1.19. Мердігер тарапынан Шарт шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін қосымша мердігер тартылған жағдайда, Жұмыстарға қатысты қосымша мердігер (қоса орындаушы) есебімен елішілік құндылық туралы есеп тапсыруды қамтамасыз ету;

5.1.20. Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесі бойынша берілетін ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру;

5.1.21. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, оның ішінде, Шартпен және оның қосымшаларымен көзделген барлық Жұмыстардың дер уақытында орындалмағаны және сапасыз орындалғаны үшін, Тапсырысшы алдында жауапты болуға;

5.1.22. Нормаларға сәйкес Жұмыстар жүргізу жобасын дайындау және қолдану (ППР).

5.1.23. Шартпен көзделген жұмыстарды өз күшімен, сондай-ақ қосымша мердігер (қоса орындаушы) күшімен және қаржысымен орындау, егер қосымша мердігерді (қоса орындаушы) тарту тендер құжатымен және тендерге қатысу өтінішімен және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық сипаттамамен, қолданыстағы нормалар мен қағидалар, техникалық талаптар сақтала отырып, материалдар және құралдармен (қызметкерлер, жабдықтар, технологиялық жабдықтар, аспаптар және механизмдер, көлік, арнайы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

техника, құрал-сайман, ЖЖМ және т.б.) орындап, жұмыстар аяқталған соң жұмыс алаңынан өзінің қосымша жабдықтарын алып кетуге;

5.1.24. Өз есебінен Мердігер жұмыскерлерін (қосымша мердігерлерді) тасымалдауды, олардың Шартты орындау кезінде тұратын жері мен тамақтануын, сондай-ақ егер Шартпен басқаша көзделмеген болса, техниканы мобилизациялау және демобилизациялау.

5.1.25. Тапсырысшының алдын ала жазбаша келісімінсіз, Шарт бойынша өз міндеттемелерін толықтай да, жартылай да ешкімге бермеу, тендер өтінішіне сай қосымша мердігерге беруге рұқсат етілген көлемінен басқа;

5.1.26. Қосымша мердігерлер Шарт бойынша жұмыстарды орындауға тартылған жағдайда, Тапсырысшыға Шарт шеңберінде жасалған барлық қосымша мердігерлер шартының көшірмесі оларды жұмысқа тарту сәтінде беріледі. Қосымша мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа да, атап айтқанда өндірістік, еңбек тәртібі және Тапсырысшының ішкі қағидасының бұзылуы бойынша жауапкершіліктен босатпайды (Ішкі еңбек тәртібі қағидасы, өткізу және жатақханада тұру режимі және т.б.). Тапсырысшы қосымша мердігерге Мердігермен арадағы қосымша мердігерлік шарттың бұзылуымен байланысты талаптар қоюға құқылы;

5.1.27. Негізгі лауазымдарға Мердігер мамандарына қатысты тендер өтінішінің талаптарына көрсетілген жұмыскерлерді жалдау. Аталған тұлғалар басқаларға ауыстырылған жағдайда, Мердігер ондай ауыстыруға Мердігер келісімін алуы тиіс. Жаңа жұмыскерлердің классификациясы аталған талаптарда айтылған жұмыскерлер классификациясына сәйкес болуы немесе жоғары болуы тиіс;

5.1.28. Егер Тапсырысшы Мердігерден Мердігер жұмыскері немесе қосымша мердігер жұмыскері болып табылатын тұлғаны нақты дәлелдерін келтіре отырып, Жұмыстарды орындаудан алшақтатуды сұраса, Мердігер аталған тұлғаны Жұмыстарды орындаудан алшақтатуы және Тапсырысшы территориясынан 72 сағат ішінде шығаруы тиіс, содан соң сол тұлға осы Шарт бойынша Жұмыстардың орындалуымен ешқандай байланысы болмауы тиіс;

5.1.29. Шартты орындау үшін қажетті барлық материалдарды, жабдықты, көлік пен арнайы техниканы пайдаланбас бұрын Тапсырысшымен келісуге .

5.1.30. Пайдаланылатын материалдар/қосалқы бөлшектер/жиынтықтар, конструкциялар, жабдықтардың сапасы үшін толық жауапты болу және олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оларды ауыстыру және/немесе Тапсырысшыдан жазбаша хабарлама алған соң, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен ақауын жою;

5.1.31. құрылыс және жұмыс алаңдарындағы, Шартты орындау үшін қажетті материалдар, жабдықтар, аспаптар, көлік пен арнайы техниканы және т.б. өз есебінен сақтауды қамтамасыз ету .

5.1.32. Тапсырысшы территориясында табылған, тарихи, археологиялық, геологиялық немесе басқа да мүддені білдіретін, яғни құндылығы бар кез келген зат туралы Тапсырысшыға хабарлау және оларды акті бойынша Тапсырысшыға беру. Кез келген табылған зат Тапсырысшы меншігі болып табылады;

5.1.33. Тапсырысшыға ендігі орындалған жұмыстар туралы нақты және толық ақпарат беру, Жұмыстардың, бүкіл атқарылатын және есептік құжаттардың жиынтық ведомостін жүргізу;

5.1.34. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық салықты, баж салығын және басқа да төлемдерді төлеу;

5.1.35. Шот-фактуралар мен Орындалған жұмыстар актілерін, нысанды пайдалануға қабылдау актісін, жөндеуден өткен, қайта жасақталған (жаңартылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісін, сондай-ақ меншік иесі (құқықты иеденуші) туралы мәліметтерді (қағаз жүзінде және электронды нұсқада) дер уақытында беру.

5.1.36. Орындалған жұмыстар тиімділігінің деңгейіне Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық сипаттама талаптарынан төмен емес кепілдік беру;

5.1.37. Орындалатын Жұмыстар бойынша тәуекелдерді сақтандыруды өз есебінен жүзеге асыру.

5.1.38. Тапсырысшы территориясында Шарт талаптарының, өнеркәсіп, экология, санитарлық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарының, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарының, сондай-ақ Шартқа Қосымша №5-те көзделген еңбек қатынастары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, Жұмыстарды Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарындағы қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес орындау, өз есебінен Тапсырысшы территориясындағы барлық қауіпсіздік шараларының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Жұмыстардың орындалуы кезінде жоғарыда көрсетілген тиісті талаптардың орындалуы үшін толық жауапкершілікте болу. Тиісті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Мердігерге Тапсырысшы нысандарында жұмыс жасауға тыйым салынуы немесе оның Жұмыс көлемі тек Тапсырысшы қажет деп есептейтін жұмыс көздеріне ғана қалдырылуы мүмкін, мұндайда Мердігер Жұмыстардың тиісінше және дер уақытында орындалмағаны үшін жауапты болады;

5.1.39. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде жол берілген кемшіліктер үшін толықтай жауапты болу, сондай-ақ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырысшыға уәкілетті мемлекеттік органдармен Мердігермен және/немесе қосымша мердігермен экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартатын заңнаманың бұзылғаны салынатын үшін кез келген төлемді (оның ішінде айыппұл санкциясы) толық көлемде өндіру, сондай-ақ экология салдарын толықтай жою, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғаи ресурстарды қалпына келтіру;

5.1.40. Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға тартылған өз жұмыскерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету, сондай-ақ Мердігер/қосымша мердігер жұмыскерлерімен Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында заңнаманың сақталуына үнемі аудит (ішкі бақылау) жүргізу;

5.1.41. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін талап етілетін, рұқсат беруші құжаттарды алумен (оны алу қажет болса) байланысты барлық шығындарды өтеу;

5.1.42. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өндірістегі жазатайым оқиғадан және кәсіби сырқаттанудан жұмыскерлерді сақтандыру;

5.1.43. Қоршаған ортаның ластануымен байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, қоршаған ортаға келтірілген шығын салдарын жою шығындарын, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қоса, сақтандыру;

5.1.44. Тапсырысшы сұратуы бойынша Шартты орындаумен байланысты ақпарат пен құжаттарды беру, атап айтқанда, Мердігердің (қосымша мердігер) көлік, арнайы техника, жабдықтар және олардың құқық белгілеуші және рұқсат етуші құжаттар, сондай-ақ құрылысқа және басқа да пайдаланылатын материалдар бойынша жұмыстарға тартылған, жұмыс жасайтын қызметкерлерінің квалификациялық құрамы бойынша;

5.1.45. Көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдар) жабдықтауға Шарт жасау үшін Тапсырысшымен келісілген мерзімде. Мердігер көлігіне орнатылатын GPS терминалдар Тапсырысшының GPS мониторингінің біртұтас жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес болуы тиіс (техникалық шарттарды Мердігердің сұратуы бойынша Тапсырысшы береді). Осы Шарт тармағының талаптарына сәйкеспейтін көлікке Тапсырысшы территориясындағы кен орнына кіруге рұқсат берілмеуі мүмкін. Мұндайда Мердігер Шарт бойынша Жұмыстардың тиісінше және дер уақытында орындалмағаны үшін жауапты болады;

5.1.46. Шарт бойынша жұмыстардың орындалуымен байланысты жоқ Мердігер (қосымша мердігер) жұмыскерлерінің Тапсырысшы территориясында жүруіне жол берілмейді

5.1.47. Өз есебінен Мердігер/қосымша мердігер жұмыскерлерін ауысымалды медициналық тексеруден өткізу қамтамасыз етілсін және Тапсырысшының келісімді территориясында уақытша құрылыстарды (вахталық поселкелер) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау. Қауіпсіздік талаптарына жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздік үшін жауаптылардың болуы;

5.1.48. егер Шартпен жобаларға, сметаларға, жұмысшы сызбаларға және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы нормаларға сәйкес жұмыстарды орындау көзделген болса, онда Мердігер жұмыстарды осы құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес толықтай орындауға міндеттенеді;

5.1.49. егер мемлекеттік органдармен камералық бақылау процедуралары, тәуекелдерді басқару және/немесе тексерулер жүргізу жүйелерін қолдану, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде төлемеу деректері анықталса, болмаса Шартпен көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулар расталмаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырысшыға ҚҚС бойынша артық төленген сома, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмайды, сонымен қатар салықты жеткізіп төлеу жүктеледі, мұндайда Мердігер Тапсырысшыдан тиісті Хабарлама алған соң, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ҚҚС-нан артық төленген, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмайтын барлық соманы, сондай-ақ жүктелген өзге де салықтарды, қаржы санкциясын қоса, Тапсырысшыға қайтаруға міндеттенеді. Осы тармақпен көзделген шарттар тікелей Жеткізушінің өзімен арадағы өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сонымен қатар Мердігердің өзінің жеткізушілерімен арадағы қандай да бір негіздемелер бойынша Тапсырысшымен арадағы есеп айырысуды растамайтын, қосылған құн салығы қайтарылмайтын және салықтар мен қаржы санкциясының төленбеуіне соқтыратын, Тапсырысшыға мемлекеттік органдардан берілген қарым-қатынасқа да ықпал етеді.

5.1.50. егер камералық бақылау процедуралары және/немесе тексеру жүргізу шеңберінде, сондай-ақ басқа да іс-шаралар барысында мемлекеттік органдар тарапынан Мердігерге қатысты босатылу шарттарының қолданылмауы себебінен төлем көзінің салық салынудан босатылуының негізсіздігі анықталған болса, онда Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуі тиіс салық пен қаржы міндеттемелерінің бүкіл сомасын қайтаруға міндеттенеді. Тапсырысшы аталған оқиғаның басталу дерегін растайтын барлық тиісті құжаттарды береді;

5.1.51. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бейрезиденті болса және Қазақстан Республикасының территориясында Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің болуы талап етілмейтін мерзімде халықаралық шарт ережелерін қолдану мақсатында қызметтер көрсете немесе жұмыстарды орындаса, мұндай бейрезидент резиденттікті растаушы құжатымен қатар Тапсырысшыға береді: құрылтайшылық құжаттарының нотариуспен расталған көшірмесін болмаса сауда –саттық реестрінен үзіндіні (акционерлер реестрі) немесе өзге де мемлекеттік заңнамасымен көзделген, құрылтайшылар (қатысушылар) мен заңды тұлға-бейрезиденттің мажоритарлық акционерлерін көрсету арқылы бейрезидент тіркелген осы секілді құжатты. Шетел мемлекетінің заңнама талаптарына сәйкес, бейрезидентте құрылтайшылық құжаттар немесе сауда реестрінде (акционерлер реестрі) тіркелгені жөніндегі міндеттемесі болмаған жағдайда, ондай бейрезидент салық агентіне тапсырады: бейрезидент құру үшін негіз болатын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құжатты (акт), оның құқықтық (заңды) күші сондай бейрезидент тіркелген шетел мемлекетінің тиісті органымен расталады, болмаса шоғырландырылған топтың ұйымдық құқрылымын көрсететін, қатысушы болып бейрезидент саналатын құжатты оның барлық қатысушыларының аты-жөнін және географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топтардың қатысушылары құрылған мемлекеттердің (территория) атауын және мемлекеттік және шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының салықты тіркеуін көрсете отырып жасақтауға болады.

5.1.52. Ай сайын әр айдың 5 (бесіне) дейін Тапсырысшыға барлық жазатайым оқиғалар, жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ оқиғалар (авариялар, өрттер, жарылыстар, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өліміне, денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға залал келтіруге, мүлік пен жабдыққа материалдық залал келтіруге әкеп соққан жағдайлар) туралы ақпаратпен бірге еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында белгіленген форма бойынша есептер ұсыну.

5.1.53. Тапсырысшының сұратуы бойынша Шарттың орындалуымен байланысты, мерзімі көрсетілген ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Мердігерлің шаруашылық қызметіне қатысты қаржы есебін беру;

5.1.54. тиісті сұратуды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырысшыға жұмыстың орындалу барысы туралы ақпарат беру, сондай-ақ орындалатын жұмыстардың көлемін мен сапасын растайтын тиісті ақпаратты беру;

5.1.55. 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Мердігер жұмыскерлеріне қызметкерлердің қызметтік міндеттемелерін орындау, сондай-ақ олармен байланысты емес, онің ішінде Тапсырысшы территориясында болған кездегі заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген шығынды қайтару, егер шығын белгіленген тәртіпке сай дәлелденсе және сот актісімен күшіне енгені расталса. Шығынның қайтарылуы Мердігердің қаржысы есебінен, оның ішінде Тапсырысшының Мердігерге барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша төленуі тиіс сомасы есебінен жүргізілуі тиіс. Осы тармақтың әрекет етуі, сонымен қатар, Мердігермен Жұмысқа (қызметке) тартылған және осы Шарт бойынша Мердігер жауапты болатын қосымша мердігерлерге қатысты қолданылады;

5.1.56. Құрылыс және жұмыс алаңдарын өз есебінен тазартуды, барлық қоқыстар мен құрылыс қалдықтарын, құрылыс жұмыстары кезінде де, ол жұмыстар аяқталған соң да жинау, шығару, жоюды қамтамасыз ету;

5.1.57. Тапсырысшының өндірістік нысандарында болған кезде Тапсырысшының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау, оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі қағидасын, өткізу және жатақханаларда тұру режимін.

5.1.58. Жұмыстар аяқталған соң, заңнама талапатарына сәйкес нысанның қабылдауға дайындығы туралы Тапсырысшыға хабарлама жіберу.

5.1.59. Қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу және құрылысы аяқталған нысанды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қабылдау комиссиясының қабылдауына тапсыру және осымен байланысты барлық тиісті шығындарды өтеу.

5.1.60. Авариялаға, қоршаған ортаға зиян келтіруге қабілетті барлық оқиғалар, Тапсырыс берушінің қызметкерлері, материалдары мен жабдықтары және жұмыстарды уақтылы, сапасыз, толық орындамауға болмаса осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауды мүмкін етпейтін өзге де жағдайлар туралы, сондай-ақ осындай жағдайлардың туындау тәуекелдері туралы Тапсырысшыға хабарлаудың барынша жеделдігін қамтамасыз ететін кез келген нысанда кейіннен Шарттың 10-бөлімінде көзделген тәртіппен ақпарат жібере отырып, дереу хабарлауға міндетті. Осы Шарт бойынша жұмыс барысында және оларды үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында мердігер осындай жағдайлар мен мән-жайларды реттеу бойынша өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

5.1.61. Мемлекеттік бақылау органдарымен Жұмыстарды жүргізу тәртібін, Тапсырысшы қызметкерлерін оқытуды, сондай-ақ жабдықтарды іске қосу мен пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды келісу (егер Шартпен ондай жұмыстар көзделген болса), одан әрі оларды Тапсырысшыға беру.

5.1.62. Жұмысшы жобасы мен нормативтік-техникалық талаптардың және құрылыс-монтаждау жұмыстары сапасының сақталуын қамтамасыз ету;

5.1.63. Жасырын жұмыстарды куәландыруды, нормаларда, жұмыс жобасында және (немесе) шартта белгіленген тәртіппен және құрамда жауапты конструкцияларды аралық қабылдауды орындауды және құжаттауды қамтамасыз ету.

5.1.64. Тапсырысшы өкілдеріне, техникалық мамандарына және сарапшыларына мердігердің жабдығына еркін қол жеткізу құқығын беру, осы Шарттың ережелеріне және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы саласындағы нормативтерге сәйкес Тапсырысшы өкілдері мен техникалық мамандарының тиімді және қауіпсіз қызметі үшін оның иелігіндегі барлық шараларды қабылдау.

5.1.65. Мердігер Тапсырысшының талаптарына сәйкес Тапсырысшы көрсеткен нысандар бойынша және мерзімдерде күнделікті тәуліктік мәліметтерді, конъюнктуралық шолуды, есептер мен өзге де ақпаратты беруге, сондай-ақ ай сайын, есепті айдың 20-күнінен кешіктірмей Тапсырысшыға есепті айда жұмыстардың күтілетін орындалуы туралы нақты есеп беруге міндеттенеді. Мердігердің мұндай деректерді беруден бас тартуы осы Шарттың талаптарын бұзу болып табылады және Тапсырысшы тарапынан Шартты мерзімінен бұрын оны біржақты бұзу үшін негіз болады.

5.1.66. Көлік құралдары мен арнайы техниканың және персоналдарының Тапсырысшының келісімді/келісілмеген территориясына кіруі/шығуы, сондай-ақ қозғалысы/болуы кезінде Тапсырысшыға және(немесе) оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационар топтар / күзет қызметі) Тапсырысшының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жүргізуге берілген рұқсат қағазын көрсету, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалар талаптары бойынша Тапсырысшымен және(немесе) оның өкілдерімен (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационар топтар / күзет қызметі) Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасына толық тексеру жүргізу, оның ішінде тиісті құжаттарына. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырысшы және(немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техника мен жүргізушіні келісімді территорияға болмаса күзетілетін нысанға кіргізбеуге, сондай-ақ территориядан шығарып жіберуге немесе құқық бұзушылық, Тапсырысшының келісімді территориясында қылмыс болған жағдайда ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыртуға құқылы;

5.1.67. Орындалған жұмыстар актісімен бірге қалдықтардың жойылғанын растайтын қатерсіздендіру актісі мен жою актісін, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссия төленгені жөніндегі нотариуспен расталған салық декларациясының көшірмесін беру (егер Шартта қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды жою жұмыстарының орындалуы көзделген болса);

5.1.68. Жұмыстардың орындалуы кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, қоршаған орта эмиссиясы үшін тиісті төлем жүргізу (егер Шартта қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды жою жұмыстарының орындалуы көзделген болса);

5.1.69. Шарттың орындалуы шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттер, стандарттар ережелерімен белгіленген талаптарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өзге де құжаттарға сәйкестілігін растаушы құжаттарды тапсыру.

5.1.70. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырысшыға атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырысшы соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

5.1.71. Ұзақ мерзімді шарт жасасу кезінде (он екі айдан астам мерзімге жасалатын) мердігер/Орындаушы Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету басталған күннен бастап бір ай мерзімде өз есебінен жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде тартылған мердігердің / қосалқы мердігердің (лердің) басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін "Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті" курс бойынша оқытуды ұйымдастыруға міндетті.

5.1.72. Жобаалды және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжатта тауарлар, жұмыстар, қызметтер деректерінің базасына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды және индустриалды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік органмен құрылған, олардың жеткізушілерін (болған жағдайда) көрсету.

5.1.73. Жобаалды және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттарын отандық өндірістегі жабдықтар мен тауарларды көрсету бөлігінде дайындау барысында, Тапсырыс беруші өкілдерімен бірге отандық тауар өндірушілердің объектісін(лерін), материалдық-техникалық ресурстарын қарауға бару арқылы қазақстандық тауар өндірушілердің өндірістік мүмкіндіктерін ескеру.

5.1.74. Шартпен көзделген, бірақ Шарт бойынша жұмыстардың орындалу шартынан тарайтын өзге де міндеттемелерді орындау.

5.2. Мердігер:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

5.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету.

5.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

5.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

5.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

5.2.7. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

5.2.8. Мердігер Жұмыстың орындалуы болжамды басталатын 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Тапсырысшыға құрылтайшылық құжаттар көшірмесін жалғай отырып, қосымша мердігер жұмыскерлерінің квалификациясын растайтын рұқсат құжаттарын, оның ішінде орындалатын жұмыстарға, шетелдік жұмыс күшгін тартуға рұқсат және басқа да Шарт бойынша жұмыстардың орындалуы үшін талап етілетін лицензиялар, сертификаттар жалғана отырып, қосымша мердігер тарту туралы алдын ала хабарлама жолдауы тиіс. Мердігер қосымша мердігермен осы Шарттың барлық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.2.9. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

5.2.10. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуы үшін енгізілген қамтудың (алдын ала төлем) дер уақытында қайтарылуын талап етуге;

5.2.11. Бірлік құны өзгермеген жағдайда, Тапсырысшыға жедел шешім қабылдауды қажет ететін объектіні салу процесінде жұмысты орындаудың техникалық жобадан өзгеше, сапалы, прогрессивті тәсілдерін келісуге ұсыну. Мұндай ұсыныстар Тапсырысшымен және жоба авторымен жазбаша келісім болған кезде ғана қолданылуы мүмкін.

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

5.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

5.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

5.3.5. Мердігерге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді;

5.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

5.3.7. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда Мердігерге кемшіліктердің тізімін оларды жою мерзімін көрсету арқылы жіберу.

5.3.8. Орындалатын жұмыстардың көлемі, құнын және сапасы үшін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес бақылауды және техникалық қадағалауды жүзеге асыру.

5.3.9. Мердігерге осы Шарттың қолданылу кезеңінде шарт бойынша жұмыстар жүргізуге бөлінген жұмыс алаңын пайдалануға рұқсат ету.

5.3.10. Тапсырысшыға меншік немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскесінде жұмыстарды орындауға рұқсат алу (заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда).

5.3.11. Белгіленген тәртіппен объектіге бекітілген жұмыс жобасын Мердігерге беру.

5.3.12. Құрылысы аяқталған объектіні қабылдау комиссиясының пайдалануға қабылдауы үшін берілуін қамтамасыз ету.

5.3.13. Құрылысы аяқталған объектіні мердігерден қабылдап алу.

5.3.14. Шарт бойынша жұмыстардың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мердігерге жәрдем көрсету.

5.3.15. Заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыстардың орындалуына Авторлық сүйемелдеу және техникалық қадағалауды қамтамасыз ету.

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

5.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

5.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

5.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

5.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

5.4.7. Осы Шартта және оның қосымшаларында көрсетілген Жұмыстардың сапалы және дер уақытында орындалуын талап ету;

5.4.8. Жұмыстардың орындалуы барысында немесе кейін кемшіліктерді жоюды талап ету;

5.4.9. Кемшіліктерді жою бойынша Мердігермен өз міндеттемелері орындалмаған жағдайда, Жұмыстардың (немесе оның бөлігінің) орындалуын аяқтау немесе тоқтату туралы жазбаша хабарлау .

5.4.10. Кез келген уақытта Жұмыстардың орындалу 5.1.39 тармақтың сақталуын, жұмыстардың орындалу мерзімін, жабдықтар мен материалдардың барын және сапасын»Мердігер (қосымша мердігер) мамандарының квалификациясын және т.б. өз күшімен немесе үшінші жақ тұлғаларын тарту арқылы тексеру, мұндайда Мердігер тиісті рұқсатты қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырысшы тарапынан шарт міндеттемелеріне сәйкеспеушілік және бұзушылық анықалған жағдайда, Тапсырысшы анықталған кемшіліктерді Тапсырысшы мен Мердігер өкілдерінің қолдары қойылған тиісті актіде көрсетеді (мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Шартпен көзделген тиісті шаралардың алынбауына негіздеме бола алмайды), мұндайда Мердігерге (қосымша мердігерге) аталған кемшіліктерді жойғанға дейін Жұмыстарды орындауы үшін өндірістік нысандарға кіруіне жол берілмеуі мүмкін;

5.4.11. Жұмыстарды тоқтату, тоқтата тұру және нысанды консервациялау туралы шешім қабылдау;

5.4.12. Мердігердің келісімінсіз мердігердің жекелеген жұмыс кезеңдері мен түрлерін тиісінше және сапалы орындауын бақылау үшін техникалық мамандарды, сарапшыларды қосымша тарту. Тапсырысшының техникалық мамандары жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу кезінде де, олардың нәтижелерін қарау кезінде де технологиялардың сапасын, сақталуын, қолданылатын жабдықтар мен материалдардың жұмыс жобасының талаптарына сәйкестігін бақылауға құқылы.

5.4.13. Осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпарат, Мердігердің атауы, шотының номері және төлем жүргізу мақсаты көрсетілген банк құжатының үзіндісін «Самрук-Қазына» ҮӘАҚ» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына тапсыру;

5.4.14. «Самрук-Қазына» ҮӘАҚ» АҚ-ның сұратуы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты беру;

5.4.15. Мердігерден Шарттың орындалуымен байланысты ақпарат пен құжаттарды сұрату, оның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржы есебін;

5.4.16. Мердігермен арадағы келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін қолданылатын, қолда бар материалдар мен өзге де мүлікті өзара есеп айырысу есебімен беру;

5.4.17. Егер Тапсырысшы тарапынан жұмыстарға сұранысты азайту қажеттілігі туындаса, оның ішінде мұнайға баға конъюнктурасының төмендеуі кезінде, Тапсырысшы төмендегі құқықтарды пайдалана алады:

5.4.17.1. Шарттың әрекет етуінің кез келген уақытында, Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Шарттың 10.3 тармағына сәйкес біржақты тәртіппен Шартты бұзу;

5.4.17.2. Қосымша келісім жасау арқылы Жұмыстарға сұранысты азайту. Шарттың 5.4.17.1. және 5.4.17.2 тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Тапсырысшы Мердігерге нақты орындалған жұмыстар көлемі үшін төлем төлейді.

5.4.18. Кез келген уақытта және орында/нысанда, Тапсырысшының келісімді/келісімнен тыс территориясында, Шарттың 5.1.46. және 5.1.67 тармақтарының талаптарына сай, барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттарымен бірге (ҚР көлік құралының тіркелгені туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, маршрут парағы, тауардың-көліктің жүккұжаты, ТМҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеру және қарау және т.б. Жүргізуші жоғарыда аталған талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырысшы және(немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімді территорияға болмаса күзетілетін нысанға кіргізбеуге, сондай-ақ территориядан шығарып жіберуге немесе Тапсырысшының келісімді территориясында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда, ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыртуға құқылы.

6. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөліміндегі, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

6.1. Мердігер міндетті:

6.1.1. Жұмыстардың, оның ішінде Тапсырысшының еңбек қатынастары саласында, өнеркәсіп қауіпсіздігі, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі - ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша Тапсырысшының регламенттеуші құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.2. Тапсырысшы, мемлекеттік бақылаушы органдар, өзге де мүдделі тұлғалар алдында қауіпсіздікті басқару жүйесі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану талаптарының сақталмағаны және еңбек қатынастары шеңберіндегі кемшіліктер үшін толықтай жауапты болады.

6.1.3. Мердігер және оның жұмыскерлері қызметінің нәтижесінде орын алған оқиғалар салдарынан Тапсырысшыға мемлекеттік бақылаушы органдар тарапынан шығынды қайтару және айыппұл санкциясын төлеу бойынша талаптар қойылған жағдайда, Тапсырысшыға шығын сомасымен және айыппұл төлеумен байланысты барлық шығындарды толық көлемде қайтаруға.

6.1.4. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтау.

6.1.5. Шарт талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын (Саясат, Қағида, оның ішінде Алтын қағида, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.), сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау, атап айтқанда, еңбек және экологиялық, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіп, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы талаптар, қызметтерді қауіпсіз көрсету концепциясын ұстану және нольдік жарақатқа ұмтылу. Мердігер тарапынан осы тараумен көзделген тиісті шарттар, талаптар мен стандарттар және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталмаған жағдайда, Тапсырысшы Шартты бұзу арқылы Мердігерге қалған Жұмыс көлемін орындауға тыйым салуға болмаса тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін Жұмыстардың орындалуын тоқтатуға құқылы немесе Жұмыстар көлемі тек Тапсырысшы қажет деп тапқан жұмыстарға ғана қатысты болуы мүмкін. Мұндайда Мердігер Шарт мерзіміне сай Жұмыстардың дер уақытында орындалуы үшін жауапты болады.

6.1.6. Жұмыстардың мамандандырылған көлікпен және тиісті сападағы жабдықпен орындалуын қамтамасыз ету.

6.1.7. Мердігерге қажетті барлық рұқсат етуші құжаттарды өз есебінен алуға, және толық күшінде сақтауға, оның ішінде Шарт бойынша жұмыстарды орындауға мемлекеттік және өзге де органдардан берілген лицензиялар, сертификаттар мен өзге де рұқсаттарды, кіру визаларын, тұруға берілетін рұқсатты, Мердігердің еңбек қызметі қызметтер көрсетумен байланысты барлық жұмыскерлеріне жұмыс жасауға рұқсатты, Мердігер агенттерін немесе қызмет көрсетуші жұмыскерлерін қоса.

6.1.8. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі, жұмыстар орындалатын Объектінің өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге.

6.1.9. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажетті қызметкерлердің үнемі болуын қамтамсыз етуі, сондай-ақ Тапсырысшы талабы бойынша Жұмыстарды орындауға қатысатын Мердігердің кез келген қызметкерін ауыстыруы тиіс, егер ол: • өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе немқұрайлық танытқан болса, немесе Тапсырысшы мүддесіне зиянын тигізетін немесе қайшы келетін қызметпен шұғылданатын болса; • Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға қатысты Шарт талаптарын сақтамаса.

6.1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі барлық ішкі талаптарының орындалуын, ал қажет болған жағдайда, Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісілуі және Мердігердің және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуі тиіс;

6.1.11. Жұмыстарды жүргізу алдында Мердігер Қызметкерлерінің дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

6.1.12. Жұмыстарды орындау учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының орындалуы үшін жауап беретін өзінің уәкілетті өкілі мен Мердігердің басқа да Қызметкерлерінің тегін Тапсырыс берушіге хабарлауға;

6.1.13. Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін Қоса мердігерер тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Қоса Мердігерның Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестілігі туралы ақпаратты беруге және Тапсырыс берушіден Шарттың 3.3 тармағына сай рұқсат алуға міндетті. Мердігер Қоса Мердігермен жасалатын шарттарға осы тараумен көзделген талапты енгізуге және олардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс беруші талабы бойынша Мердігер Қоса Мердігермен арада жасалған шарттардың көшірмесін беруге және егер Тапсырыс берушінің мәтін бойынша ескертуі болған жағдайда, шартқа тиісті өзгертудің енгізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

6.1.14. Мердігердің барлық Қызметкерлерінің сапалы жұмыстарды орындау үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігінің болуын, еңбек тәртібін сақтауын және белгіленген, жұмысқа немесе оны орындауға қатысы бар ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер өз қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша жұмыстарды орындауы тиіс. Қажет болғанда, Мердігер, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, жұмыстар учаскесіне қол жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу үшін талап етілуі мүмкін Мердігер Қызметкерлерінің қосымша оқуын (мысалы, жүргізушілер үшін қорғалып және қысқы жүргізу) өз есебінен қамтамасыз етеді.

6.1.15. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігер және (немесе) Қосалқы Мердігер Қызметкерлерінің денсаулығына және өміріне келтірілген зиянға, бұл ретте, осы кіші бапқа сәйкес, меншіктегі, жалға алынған немесе Мердігер жұмыстарды жүргізу үшін беретін барлық жабдық Мердігернің жабдығы немесе меншігі болып есептелетіндіктен, Мердігернің жабдығын немесе жылжымайтын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мүлкінің жойылуына, зақымдалуына немесе оларды пайдалану мүмкіндігіне қатысты, не болса да және Тапсырыс берушінің салақтығына немесе міндеттеріне немқұрайлы қарауына қарамастан, кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, шағым-талаптардан немесе залалдардан (оның ішінде, сот шығындары мен шығыстарынан) және оларға қарсы қорғауға, өтеу мен сақтауға міндеттенеді.

6.1.16. Тапсырыс берушіні Мердігердің Қызметкерлерінен туындаған қоршаған ортаны, Мердігернің жабдығын немесе меншігін кез келген түрде ластауына байланысты пайда болатын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан және оларға қарсы қорғауға, өтеуге және сақтауға міндеттенеді.

6.2. Оқиғалар, күнделікті көрсеткіштер және тергеу жүргізу туралы ақпарат беру саласында:

6.2.1. Тапсырыс берушіге дәрігерге дейінгі және(немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайларын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ/«Ембімұнайгаз» АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясаттың бұзылуы жағдайларын қоса алғанда, Оқиғалар туралы мәліметтерді дереу, анықталған сәтінен бастап, 1 сағаттан кешіктірмей ұсынуға;

6.2.2. Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес Оқиғаларды тексеруді ұйымдастыру. Оқиғаларды тексеруді Заңнамалық талаптармен және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарымен көзделген тәртіппен, заң талаптарымен көзделген жағдайларда Тапсырыс берушінің, Мердігердің және тартылатын Қосалқы Мердігедің (егер қажет болса) өкілдерінің, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Тексеру жөніндегі комиссияға қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

6.2.3. Ай сайын, келесі есеп беру айының 7-не дейінгі мерзімде Тапсырысшының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің жазбаша сұратуы бойынша есептілік формасына сай, денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы төмендегідей мазмұндағы ақпаратты жедел беруге: • жұмыс уақытының шығынымен қатар барлық жазатайым оқиғалар туралы (өндіріспен байланысты және байланысты емес), жол-көлік оқиғалары туралы, сондай-ақ Тапсырысшы нысандарындағы оқиғалар туралы (апаттар, өрт, жарылыс, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі туралы, адам өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға қатер төндіру оқиғалары, мүліктің және жабдықтың материалдық шығыны); • Тапсырысшы нысандарындағы жұмысқа (қызметтер көрсетуге) тартылған Мердігер жұмыскерлерінің саны, жұмыстар жүргізу орнында Мердігер қызметкерлерімен орындалған жұмыс уақытының мөлшері; • автотехниканың жалпы саны, сондай-ақ Тапсырысшы үшін жұмыстар орындауға қатысқан Мердігер автокөлік құралдарының жиынтық жүрісі; • қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен жұмыскерлер саны; • қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларына жұмсалған шығындар.

6.2.4. Тапсырысшының өндірістік нысандарындағы жұмыстарды орындаушы Мердігердің қызметіне тікелей немесе жанама қатысты, тергелуі Тапсырысшының ішкі процедурасына сәйкес, оның бастамасымен болатын оқиғаны тергеуге қатысу. Тапсырысшының өндірістік нысандарындағы жұмыстарды орындауы кезінде Мердігерде орын алған оқиғалардың тікелей және негізгі себептерін тергеу және талдау жөніндегі комиссия құрамына Тапсырысшы тарапынан жауапты тұлға енгізілсін.

6.3. Көлік қауіпсіздігі саласында:

6.3.1. Мердігердің Тапсырысшы кен орындарында жүрген арнайы техникасы, автокөліктері және/немесе автобустарының жұмысшы техникалық күші жақсы болуы, қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сай, сондай-ақ GPS терминал жүйесімен жабдықталған болуы тиіс. Мердігер көлік құралдарындағы барлық GPS терминалдарды «Көлікті қамтамасыз ету есебі» ақпараттық жүйесіне (ИСУТО) – жолда жүру парағында көрсетілген маршрутқа мониторинг жүргізуі, жылдамдық режимін бақылау, жолда жүру парағының есебін жүргізу және қозғалыс қауіпсіздігі үшін қажетті басқа да параметрлерді интеграциялау үшін Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторингіне қосып қоюы керек. Мердігер қауіпті жүктер (сұйытылған көмірсутегі газы, мұнай, газконденсаты, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын GPS терминалының жүйесіне бекітілген, цистерналардағы сұйықтық деңгейін үздіксіз өлшеуді қамтамасыз ететін, Тапсырысшының диспечерлік қызметіне қосылған, осындай тасымалдаулардың мониторинг жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өлшеу құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер автокөліктердің барлық түрлеріне автокөліктің белгілі бір мердігер мекемеге тиесілі екендігін жедел анықтау үшін, тану белгісін (логотипі, тақтайша, басқа да) ілуі тиіс; Автокөлік құралдары тегершіктеріндегі протектор суреті жол қозғалысы қағидасының талаптарына сәйкес келетін тиісті биіктікте болуы қажет, қысқы уақытта - алдыңғы және артқы қысқы тегершіктермен.

6.3.2. Мердігер қамтамасыз етуі тиіс: • жүргізушіні оқытуды және тиісті квалификациясын; • көлік құралдарына үнемі ТҚ көрсетуді; • жүргізушілерге тұрақты түрде медициналық тексеру жүргізуді; • жолаушыларды, жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақсыз тасымалдайтын маршруттарда жұмыс жасайтын көлік құралдарының жүргізушілеріне рейсалды және рейстен кейін тексеру жүргізу.

6.4. Жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) қамту және пайдалану саласында:

6.4.1. Мердігердің бүкіл қызметкерлері жеке қорғаныс құралдарымен қамтылуы және тұрғын ғимаратынан тыс, Жұмыстар жүргізілетін орындарда жүрген уақытта оларды пайдалануы қажет;

6.4.2. Жұмыстарды орындау үшін Тапсырысшы нысандарына алғаш келген Мердігердің бүкіл қызметкерлері кеңіште немесе Тапсырысшының уәкілетті тұлғасымен арнайы белгіленген орында ҚжЕҚ инженерінен кіріспе нұсқаулықтан өтуі тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4.3. Жұмыстар атқарылатын орындағы Мердігер қызметкерінде өзімен бірге Азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғау қауіпсіздігі саласында тиісті оқудан және аттестациядан өткендігін растайтын белгі соғылған куәлігі болуы тиіс.

6.4.4. Мердігерде Тапсырысшының уәкілетті өкілінің бірінші талабы бойынша азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша оқыту және аттестация өткізу, Тапсырысшы нысандарындағы жұмыстарды орындаушы қызметкерлерге нұсқаулық өткізу кестесі болуы және оны тапсыруы тиіс.

6.5. Алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі және улы заттарды пайдалануға тыйым салу:

6.5.1. Мердігер міндетті: • Жұмыскерді алкогольдік ішімдік ішкен, есірткі қолданған немесе уланғыш заттан мас болған күйінде жұмысқа қоспау (жұмыстан шығаруға); • қызметкердің жұмыс жүргізіліп жатқан орынға және тұратын жеріне алкогольдік ішімдік, есірткі немесе уланғыш зат алып кіруне, өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттардан басқа, және болуына жол бермеу;

6.5.2. Аталған шектеулерге бақылауды қамтамасыз ету үшін, Тапсырысшы барлық көлік құралдарына, жұмыс жүргізілетін және қызметкердің тұратын орнына жеткізілетін заттар мен материалдарды тексеруге құқылы.

6.5.3. Егер осындай тексеру нәтижесінде аталған тыйым салынған заттар табылса немесе қызметкер мас болса, онда олар Жұмыс жүргізу орнына немесе тұратын орынға жіберілмейді.

6.6. Еңбек қатынастары саласында:

6.6.1. Шарт бойынша жұмыстардың орындалуы (қызметтер көрсету) барысында Мердігер Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндеттенеді, оның ішінде төмендегі бөлімдер бойынша: 1) Еңбек шарттарын жасау тәртібін, олардың мазмұны мен формасына қойылатын талаптарды; 2) Тұлғаны жұмысқа тек еңбек шарты жасалған соң ғана қосуға; 3) Жұмыс уақытының ұзақтығы мен режимін; 4) Еңбектің ауысымдық жұмысын және вахталық әдісін ұйымдастыру; 5) Түнгі уақыттағы және кезектен тыс уақыттағы жұмыстар; 6) Жұмыскерлер демалысы; 7) Еңбекке ақы төлеудің минимальды көлемі және еңбекке ақы төлеу саласындағы кепілдіктер; 8) Жалақы төлеу тәртібі және мерзімдері.

6.6.2. Өндіріс мәдениетінің заманауи деңгейін, денсаулықты қорғауды, жұмысқа қабілеттілігін және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында, өзінің жұмыскерлеріне төмендегідей әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды қамтамасыз ету: 1) Шарттың орындалуы барысында жұмысқа тартылған Мердігердің өндірістік қызмет жүргізілетін барлық орындарын ыстық тамақпен және ауыз сумен, атап айтқанда: - жұмыскерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақпен қамту, күнделікті бақылау ұйымдастыру. Тамақтың сіңірімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын тамақ түрлері көп, адам ағзасының сұранысын қанағаттандыратындай, тиісті химиялық құрамы болуы тиіс. Ауыр физикалық жұмыстар атқаратын жұмысшылар үшін ұсынылатын қуат, ақуыз, майлар мен көмірсуларының мөлшері күніне 3450 ден 3600 дейінгі ккал құрауы тиіс. Осыған байланысты жұмысшылардың тамақтану рационы жұмсалған қуат көзін толтыруы және бір күнге тамақтану кезінде 1500 ккал кем болмауы қажет; - асханада формасы өзгерген, шеті сынған, жарылған, эмалі ұшқан ыдысты пайдалануға; асхана ыдыс-аяқтарының алюминийден болуына; тамақты бөлшектеу тақтайшаларының пластмассадан және тығыздалған фанерадан болуына жол бермеу; - тамақты дайындау орны санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуы тиіс, жобағыда көрсетілген талаптар термоспен тамақтану жағдайында, Мердігер жұмысшыларының тамақты дайындау және ішуінің барлық сатысында сақталуы тиіс; 2) Тапсырысшы нысандарында жұмыс жасайтын жұмыскерлерді тұрғынжаймен қамту (қаладан тыс, қашықтау жерде, жұмыс процесін вахталық әдіспен жүзеге асыратын жұмысшылар үшін), атап айтқанда: - вахталық әдіспен жұмыс жасайтын жұмысшыларды өндіріс нысанында болған уақытында тұрғынжаймен қамту. Жатақхананың тұратын бөлмелерінің көлемі бір адамға шаққанда 6 м2 кем болмауы есебімен анықталады; - төсек орын, сүлгі және басқа да жұмсақ бұйымдар аптасына 1 рет ауыстырылады; - жуушы, дезинфекциялаушы заттарды қолдану арқылы құрғақ және ылғалмен тазалау жұмыстары қажеттілігіне қарай күн сайын, бірақ күніне 1 реттен кем емес жүргізіледі; - өрт қауіпсіздігі шараларын, өрт дабылының және өртке қарсы қорғаныстің ішкі жүйесіндегі түтін датчиктерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету; - электрлі техникалық жабдықтар мен желілердің, салқындату-жылумен қамту жүйелерінің, ыстық және суық сумен қамту жүйелерінің, желдету жүйесінің үздіксіз және апатсыз жұмысын қамту, сондай-ақ профилактикалық жұмыстар жүргізу; - жуушы, дезинфекциялаушы заттармен (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) және қағаз сүлгілермен, бәретхана қағаздарымен, санитарлық-гигиеналық нормаға сәйкес жатақхананы таза ұстау үшін қажетті материалдық-техникалық қажеттіліктермен қамту; Тапсырысшы нысандарындағы жұмыскерлерді (қаладан тыс, қашықтау жерде, жұмыс процесін вахталық әдіспен жүзеге асыратын жұмысшылар үшін) тұрғынжаймен қамту үшін, Мердігердің жеке меншік ғимараты болмаған жағдайда, Мердігер өз жұмыскерлерін тұрғынжаймен қамту мақсатында Тапсырысшының көрсетілген нысандарында бар тұрғын жайларды пайдалануға рұқсат алу үшін қажетті шараларды алсын. 3) Тапсырысшы нысандарында жұмыс жасайтын жұмыскерлерді Тапсырысшы нысанына жеткізу, сондай-ақ нысандар арасында жүруі үшін көлікпен қамту, мұндайда: - мердігердің жолаушыларды тасымалдауды және көлік қызметін көрсетуді жүзеге асыруға берілген барлық рұқсат ету құжаттары болуы тиіс; - жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жиынтығы: кондиционерлеу және/немесе желдету жүйесі, жылыту жүйесі, жұмсақ орындық, автобус және микроавтобус салондары таза, орындықтары бүлінбеген және ыңғайлы күйге келтірілетін болуы қажет; - көлік құралдары жайлылық талаптарына сай, жолаушыларға арналған қауіпсіздік белдігі бар және жазғы және қысқы уақытқа сай, толықтай техникалық жабдықталған болуы қажет; 4) Шарт талаптарына толықтай сәйкес болу мақсатында, Мердігердің өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін, жұмысшыларды тиісті мөлшерде және жарамды күйдегі еңбек құралдарымен қамту, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (станок, машина, жабдық, құрал-саймандар және т.б.).

6.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігердің Жұмыстардың орындалу процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.6.4. Жұмыстарды орындау үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда Мердігер өз ұйымының бірінші басшысының орын алған сондай жағдайға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6.6.5. Мердігер еңбек даулары туындаған кезде персоналдың жұмысын Жұмыстардың орындалуын толық тоқтатпай ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін, Мердігер қосымша персонал немесе қосалқы мердігерлер тартуға міндетті.

6.6.6. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары кезінде әрекет ету жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау барысында кідірістерді барынша болдырмау үшін, персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті.

6.6.7. Мердігердің өз күшімен реттеуі мүмкін болмайтын еңбек даулары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тез арада шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті.

6.6.8. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге қызметкерлердің ұсынған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпаратты және құжаттаманы (талаптарды қанағаттандырудың мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) беруге.

6.7. Жұмыскерлердің көңіл күйі туралы ақпаратты дер уақытында алу мақсатында Мердігердің жұмыскерлермен өзара қарым-қатынас жасау тәртібі.

6.7.1. Мердігер жұмыскерлерінің көңіл күйі туралы ақпаратты дер уақытында алу және жұмыскерлерге мекеме қызметі туралы ақпарат беру мақсатында Мердігер ішкі коммуникацияның төмендегідей механизмдерін қамтамасызх етеді: 1) Мердігердің бірінші басшысы жыл сайын бірінші жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 1 қыркүйекке дейін және жылдың қорытындысы бойынша 1 наурызға дейін әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша өз жұмыскерлерімен кездеседі, онда еңбек ұжымы Мердігерге өндірістік көрсеткіштер туралы ақпарат береді, ал Мердігер жұмыскерлердің көтерген мәселелері мен ұсыныстарын жинайды, оларға жауап береді; Мердігердің бірінші басшысы өз мекемесінің жұмыскерлерін айына бір рет жеке мәселелері бойынша қабылдайды; 2) Мердігер өз жұмыскерлерінің өтінішін қарауды және қабылданған шешім туралы арыз иесіне жауап берілуін қамтамасыз етеді.

6.8. Мердігер тарапынан Шарттың 6.6 – 6.9 тармақтарымен көзделген осы талаптар ережесінің сақталуына Тапсырысшының тексеру жүргізу тәртібі

6.8.1. Тапсырысшы Мердігер тарапынан Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының және Шарттың 6.6 – 6.9 тармақтарымен көзделген осы талап ережелерінің сақталуына жоспарлы және жоспардан тыс тексеру өткізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Шартқа Қосымша № 7-ге сай белгіленген форма бойынша Тексеру парағын толтыру арқылы ресімделеді. Жоспарлы тексеру жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Кезектен тыс тексерулер төмендегілер негізінде жүргізіледі: Мердігер жұмыскерлерінен заңды құқықтарының бұзылғаны туралы жазылған өтініш және арыз; бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар; мемлекеттік органдардан және басқа да көздерден түскен мәліметтер, оның ішінде Тапсырысшының лауазымды тұлғаларынан. Тапсырысшы тарапынан жүргізілетін тексеру барысында Мердігер міндетті: - Тапсырысшыға өзекті және шынайы деректерді беруге; - Тапсырысшының барлық әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы нысандарға баруын қамтамасыз етуге.

6.9. Мердігердің еңбек қатынастары саласындағы қосымша міндеттемелері

6.9.1. Мердігер міндеттенеді: - еңбек ұжымында әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағымсыз құбылыстардың туындауының алдын алу және болуы мүмкін факторларын, себептерін анықтау және тіркеуге қатысты жағдайларға үздіксіз мониторинг және талдау жүргізу; - еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтың туындауының нақты және ықтимал тәуекелін зерделеу, бағалау және болжау; - қандай да бір әлеуметтік-еңбек дауы орын алған немесе туындап келе жатқан жағдайда Тапсырысшыға хабарлау. Осылайша, жұмыскерлер өкілдерімен арада келіссөз процесін жүргізу және қолданыстағы заңнамаға сәйкес орын алған жағдайға қатысты шешім қабылдау; - Тапсырысшы нысанындағы жұмысқа тартылатын қосымша мердігер мекемелерге қатысты осы секілді талаптар белгілеу.

6.10. Қоршаған ортаны қорғау саласында:

6.10.1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес Мердігер осы шарттың құралы болып табылатын жұмыстарды орындау кезінде өзінің қызметі нәтижесінде пайда болатын барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарының (өз шикізаты мен материалдарынан да, Тапсырысшы беретін шикізат пен материалдардан да) меншік иесі болып табылады және "ластаушы төлейді" қағидатына сәйкес, осындай қалдықтарды жеке тұлғаның иеленуіне беру сәтіне дейін қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою операцияларды жүзеге асыратын тұлғаға жүктеледі.

6.10.2. Мердігердің жұмысты орындау барысында жинақталған барлық қалдық түрлерін шығапу үшін мамандандырылған мекememен арада жасалған шарты болуы тиіс.

6.10.3. Егер Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде Тапсырсышы территориясында өндірістік база және/немесе Мердігер поселкесі орналасатын болса, Мердігер Тапсырысшы территориясында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуі, өндірістік сұйықтықтардың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

төгілуіне жол бермеуі болмаса оның материалдар, жабдықтармен негізсіз қоршалмауын, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлері тарапынан сол территория үшін белгіленген Тапсырысшы режимінің, экология, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі бойынша нормативтік актілерінің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатпен Мердігер инженерлік-техникалық жұмыстар құрамынан Тапсырысшы территориясындағы жоғарыда көрсетілген талаптардың қамтамасыз етілуі үшін жауапты тұлға тағайындайды.

6.10.4. Осы Шартпен көзделген жұмыстардың орындалуы барысында, Мердігер өз күшімен және құралымен Жұмыс нысандарына үнемі тазалық жүргізілуін және жеке меншік қоқыстан және басқа да өндірістік және пайдаланылған қалдық пен қызметін жүргізу барысында пайда болған заттардан Жұмыс нысандарын және мекеменің орналасқан жерін тазартуды қамтамасыз етеді.

6.10.5. Мердігер қалдықтарды оларды орналастыру орындарына салу кезінде экологиялық талаптардың бұзылмауы үшін жауапты болады.

6.10.6. Жұмыстар аяқталған соң, Мердігер кен орнының инженер-экологінің қатысуымен, Тапсырысшы тарапынан орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылғанға дейін орналасқан жерінен өз меншігіндегі барлық жабдықтар мен техниканы, артық материалдарды және т.б. алып кетеді, уақытша орнатылған ғимараттар мен құрылыстарды бұзып, сол жұмыстардан қалған қоқысты шығарады және өзінен кейін Жұмыстар жүргізілген және/немесе ғимарат орналасқан жерді экологиялық талаптар мен санитарлық нормаға сай күйге келтіріп, Тапсырысшы комиссиясының актісі бойынша алаңды тапсырады.

6.10.7. Жұмыстар жүргізу барысында Тапсырысшының келісімді/келісімнен тыс территориясында түрлі қалдықтардан санкцияланбаған қоқысты жинауға жол берілмейді, олай болмаған жағдайда осы Шарт талаптарына сәйкес, Мердігерге қатысты айыппұл санкциясы қолданылады.

6.10.8. Мердігер Шартқа қосымша №8-ге сәйкес экологиялық рұқсаттарда белгіленетін эмиссиялар нормативтеріне сай ай сайын, әрбір есепті айдың 25-күніне дейінгі мерзімде, сондай-ақ тоқсанына бір рет Тапсырысшыға қоршаған ортаға әсер ету туралы есептерді (экологиялық есептерді) беруге міндетті. Мердігер осы тармақтың міндеттемелерін бермеген жағдайда, Тапсырысшы Шарттың 7.4-тармағымен белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 7.6-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жіберіп, орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде тапсырылмаған жағдайда, Тапсырысшы осы Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.10.9. Мердігер өз есебінен ҚР ЭК 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын орындауға, ластанудың және қоршаған ортаға әсерінің барлық көздері бойынша өлшеулерді жүзеге асыруды ескере отырып, өндірістік мониторинг жүргізуге және Тапсырысшыға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша есептіерді тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оны) күнінен кешіктірмейтін мерзімде өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша беруге міндеттенеді. Мердігер осы тармақтың міндеттемелерін бермеген жағдайда Тапсырысшы 7.4-тармақта белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 7.6. тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырысшы осы Шарттың 10.3.2 тармағына сәйкес шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.10.10. Есептік кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін төлем шотын алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Тапсырысшыға осы Шарт бойынша мердігер берген төлемдер тіркеліміне сәйкес өзінің ластану көздері бойынша қоршаған ортаға түзілетін шығарындылар үшін міндетті төлемдер бойынша шығыстарды өтейді. Уақтылы төленбеген жағдайда Тапсырысшы Мердігерге тиесілі төлемнен жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

6.10.11. Мердігер берілген есептердің дұрыстығы үшін жауапты болады. Мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілген тексеру барысында кемшіліктер анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырысшыға салынған айыппұл сомасын толық көлемде қайтаруға міндеттенеді.

6.11. Өндірістік бақылау саласында:

6.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігермен және (немесе) Қоса мердігерлермен осы Шарт баптары ережелерінің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тапсырысшы тарапынан заңнамалық және өнеркәсіп, өрт және экология қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және азаматтық қорғаныс саласы бойынша Тапсырысшының өзімен ұсынылған талаптардың сақталуына бақылау жүргізілуі үшін, Мердігер Тапсырысшының уәкілетті өкілдерінің жұмыс жүргізілетін орынға, вахталық поселкелер мен өндірістік базаларға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуі тиіс.

6.11.2. Талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда Тапсырысшы Мердігерге кемшіліктерді жою мерзімі көрсетілген тиісті актіні береді. Мердігер және (немесе) Қоса мердігер осындай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, ол Тапсырыс берушімен және біржақты тәртіппен ресімделеді.

6.11.3. Егер Мердігер қандай да бір себептермен кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоя алмайтын болса, онда Тапсырысшымен бірлесіп, кемшіліктерді көрсетілген келісілген мерзімде жою бойынша жоспар жасайды.

6.11.4. Кемшіліктердің жойылғаны туралы ақпаратты Мердігер ай сайынғы есеп құрамында береді.

6.11.5. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында орын алған апаттар, инциденттер мен жазатайым оқиғаларға жүргізілген ішкі тергеу нәтижесімен Мердігер кінәсінің бары анықталса, Мердігер Тапсырысшыға барлық келтірілген шығынды қайтарады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.11.6. Тапсырысшы Мердігердің кез келген жұмыскерінің, Мердігермен тартылған үшінші жақ тұлғасының Тапсырысшы кінәсінен бөлек алған жарақаты, зақымы немесе өлімі үшін, сондай-ақ олармен өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өнеркәсіп санитариясы қағидаларының бұзылғаны үшін жауапты болмайды.

6.11.7. Мердігермен немесе жұмыстарды орындау үшін тартылған қосымша мердігер мекемесімен жол-көлік оқиғасына, инциденттерге, апатқа, төгілуге, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі, Тапсырысшы территориясында жолда жүру қағидасы бөлімі бойынша жол берілгенде, Шарт талаптарына сәйкес шығынның болғанына қарамастан, айыппұл санкциясы қолданылады.

6.11.8. Тапсырыс беруші, Тапсырыс беруші үшін шығынсыз, Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттерін орындауда біліксіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын қылықтар үшін айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге залал келтіретін Мердігердің кез келген Қызметкерін жұмыстан шеттетуді Мердігерден кез келген уақытта талап етуге құқылы және Мердігер осы талапты орындауға және, талап етілсе, Тапсырыс беруші үшін қосымша шығыстарсыз, оны қолайлы түрде дереу ауыстыруға міндетті болады.

6.11.9. Мердігер жұмыстарды орындау кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде айыппұлдарды, өсімақыларды төлеу, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген залалды өтеу бойынша жауапкершілікті өзі көтереді. Тапсырыс беруші Мердігерді жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапқа тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалдардың барлығын өтеуге міндеттенеді.

6.11.10. Мердігер жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету процесінде Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен болған Оқиғаларға кінәлі болса, Мердігер келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

6.11.11. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бірнеше рет бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі бұзуы болып табылады және Тапсырыс берушіге, Тапсырыс берушінің осындай бұзуға байланысты Мердігердің залалдарын өтеу міндеттемелерінсіз, осы Шартты біржақты бұзу құқығын береді.

7. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Мердігер жұмыстар аяқталғаннан соң (Тапсырысшыдан жұмыстардың кезең-кезеңімен аяқталуын қабылдауға жазбаша мақұлдауды алған жағдайда, жұмыс кезеңі) және шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Тапсырысшыға заңнаманың талаптарына сәйкес объектінің қабылдауға дайындығы туралы хабарлама жібереді.

7.2. Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдау комиссиясының жұмысына қатысуға міндеттенеді. Мердігер объектіні пайдалануға қабылдау актісін құрылыс саласындағы мүдделі мемлекеттік қадағалау органдарымен келіседі. Мердігер объектіні пайдалануға қабылдау актісін жасауға қатысуға міндеттенеді, бұл ретте мердігер қабылдау комиссиясына техникалық қадағалаудың "құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындысы", Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 268 бұйрығына сәйкес толтырылған орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының "орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындысы", "сәйкестік туралы декларацияны" береді. Сондай-ақ объектіні пайдалануға қабылдау актісінің бекітілуіне қарай мердігер өз есебінен және өз күшімен құрылысы аяқталған әрбір объект бойынша "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-та мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруды міндеттенеді.

7.3. Мердігер жұмыстарды (жұмыстар кезеңін) орындау аяқталғаннан кейін Тапсырысшыға қол қою үшін шарттың талаптарына сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдап алу актісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны жібереді. Мердігер Тапсырысшыға екі тарап қол қойған мынадай құжаттарды қосымша ұсынады: - Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі; - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтама; - Атқарушылық техникалық құжаттаманы, геодезиялық есептерді, зертханалық талдауларды және сынақ қорытындыларын, бұйымдар мен жабдықтардың паспорттарын, сәйкестік сертификаттарын және басқаларын ұсына отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау актісі; - техникалық қадағалаудың құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды, орындалған жұмыстардың авторлық сүйемелдеу жобасына сәйкестігі туралы қорытынды және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 268 бұйрығына сәйкес сәйкестік туралы декларация;

7.4. Тапсырысшы Мердігермен бірлесіп орындалған жұмыстар сапасы мен көлеміне тексеру жүргізеді және 10 (он) жұмыс күні ішінде аяқталған жұмыстарды орындалған жұмыстар актісі бойынша, сол актіге қол қою арқылы қабылдайды.

7.5. Тапсырысшы талап етуге құқылы, ал Мердігер орындалған жұмыстар актісіне келісім беруге және Тапсырысшымен белгіленген тәртіпке сай, онлайн-платформаны қолдану арқылы электронды нұсқада қол қоюға міндеттенеді.

7.6. Кемшіліктер, ақаулар, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер анықталған жағдайда, жұмыстарды қабылдау кезінде Тараптар осы кемшіліктерді, ақауларды, орындалмағаны анықталған кемшіліктер мен ақаулар туралы жеке актіде не Мердігерге жазбаша түрде жіберілген Тапсырысшының оларды жою мерзімін көрсете отырып, хабарламасында ескертеді, ал Мердігер Тапсырысшы белгілеген мерзімде анықталған кемшіліктерді, ақауларды өтеусіз жоюға міндеттенеді.

7.7. Орындалған жұмыстарды қабылдау процедурасы Тапсырысшы талаптарымен қанағаттандырылатын нәтиже алынған сәтке дейін қайталанады. Мұндайда осы Шарт бойынша Жұмыстарға төлем жүргізу жөнінде Тапсырысшы міндеттемелерінің басталуы сол

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

процедураның мерзіміне дейін ұзартылады. Мердігер орындалған жұмыстардағы кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда Тапсырысшы жұмыс бағасын төлемеуге құқылы.

7.8. Мердігер анықталған кемшіліктер мен ақаулар туралы актіге бол қоюдан бас тартқан немесе оларды жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырысшы өз ескертулерінің дәлелді екенін растау үшін, тәуелсіз сараптаманы тарту туралы мәселені көтеруге құқылы, оның шешімі Тараптар үшін міндетті болып саналады. Тәуелсіз сараптама қызметіне төлем төлеу сараптама қорытындысына сәйкес, кінәлі деп танылған Тарапқа жүктеледі.

7.9. Егер жұмыстардың кезеңдерін қабылдау барысында немесе барлық жұмыстарды толық қабылдау кезінде жұмыстардағы ауытқулар немесе орындалған жұмыстар ретіндегі кемшіліктер анықталса, мердігер жазбаша нысанда көрсетілген кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттерді орындаудан бас тартқан кезде не мердігер көрсетілген кемшіліктерді Тапсырысшы белгілеген мерзімде жоймаған кезде, Тапсырысшы Мердігерге тиесілі кезекті төлемдердің кез келгенін мөлшерлес азайтуға немесе табылған кемшіліктерді өз есебінен жоюға және мердігерден келтірілген шығыстар бойынша тиісті растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай жою жөніндегі өзінің барлық шығыстарының өтелуін талап етуге құқылы.

7.10. Орындалған жұмыстар актісіне қол қою кезінде Тапсырысшы тиісті түрде және 3.8-тармақтың ережелерін ескере отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігін қабылдауға құқылы. Жұмыстың қалған бөлігін қабылдауды Тапсырысшы барлық растаушы құжаттары болған жағдайда жүзеге асырады. Жұмыстың қалған бөлігін қабылдауды Тапсырысшы Мердігер тарапынан орындалған жұмыстарға қатысты кемшіліктер жойылған соң жүргізеді. Дауланбаған шот бойынша төлем алынбаған жағдайда, Мердігер Тапсырысшыға 30 (отыз) жұмыс күні ішінде хабар беруі тиіс.

8. Кепілдіктер және Сапа

8.1. Барлық орындалған жұмыстар сапасы толықтай Шартқа қосымшалармен көзделген Тапсырысшы талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында әрекет етуші нормативтік құжаттар (ГОСТ, СТ РК, ТУ, ОСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8.2. Орындалған жұмыстарға берілетін кепілдік міндеттемелер орындалған жұмыстар актісіне қол қою сәтінен бастап 36 (отыз алты) айдан кем емес мерзім ішінде әрекет етеді.

8.3. Аяқталған нысанды пайдалану барысында жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырысшы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630 бабымен қаралған жалпы мерзім және Шарттың 8.2 тармағымен көзделген кепілдік мерзім ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635 бабымен қаралғанның біреуін жүзеге асыруға болмаса Мердігерден орындалған жұмыстарды тегін қайтадан орындауын немесе Тапсырысшының кемшіліктерді өз есебінен жоюға жұмсаған шығындарын қайтаруды талап етуге құқылы.

8.4. Мердігер пайдалағынған материалдар, құрылғылар, жабдықтар мен жүйелердің жобалау сипаттамасына, мемлекеттік стандарттарға және техникалық талаптарға сәйкес тиісті сапада болуына, олардың тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және басқа да олардың сапасын растайтын құжаттармен қамтылуына кепілдік береді.

8.5. Мердігер орындалатын жұмыстарға қатысты барлық рұқсат құжаттарының барына, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тізбектерге рұқсаттар, лицензия, сертификаттардың барына кепілдік береді.

8.6. Шарт талаптарынан ауытқу немесе басқа да кемшіліктердің анықталуы Мердігерді Шарт бойынша қандай да бір міндеттемлерді орындаудан босатпайды және Тапсырысшыны одан әрі орындалатын жұмыстар мерзімі, көлемі мен сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Мердігердің жауапкершілігі:

9.2.1. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер оны мердігер төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікті көтереді.

9.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың жалпы сомасының (орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

9.2.3. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

9.2.4. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлеуге міндетті;

9.2.5. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімі бұзылған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлеуге міндетті.

9.2.6. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарда елішілік құндылық есебін ұсынбаған жағдайда, Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген форма бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлейді.

9.2.7. Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осы Шартқа сай міндеттемелерді (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) Мердігер орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдай үшін, орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге (Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайларды қоспағанда) міндетті.

9.2.8. Шарттың 4.1.11.1 тармағымен көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Тапсырысшыға тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

9.2.9. Мердігер мекемелерге қатысты қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптары сақталмаған/бұзылғаны үшін, Мердігер/қосымша мердігер Шартқа Қосымша №5-ке сай жауапты болады;

9.2.10. Осы Шарттың орындалуы барысында Шарттың осы 9 тармағымен және Қартқа Қосымша №5-пен көзделген өзге де кемшіліктер анықталған жағдайда, Мердігер Шарт сомасының 0,1% мөлшеріндегі айыппұлды осы Шарттың 5.4.10 тармағына сәйкес ресімделген құжат негізінде төлейді;

9.2.11. Шарттың 10.3.2 тарамыға сәйкес, Тапсырысшы тарапынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Мердігер Шарттың 9.2.7. тармағымен қаралған айыппұлды Тапсырысшыға төлеуге міндетті.

9.2.12. 5.1.2-тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда Мердігер шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты болады, оны Мердігер төлеуге тиіс немесе Тапсырысшы Тараптар орындалған Жұмыстардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

9.2.13. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және. (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырысшының ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырысшының талаптары орындалмаса, егер тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері Еңбекті, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау туралы шартқа қосымшада көзделмесе, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге жауапты болады, бірақ ол Шарттың жалпы құнының 10% -ынан аспауы тиіс.

9.2.14. Осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелер Шарт талаптарына сәйкес орындалмаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% -ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстардың қабылданғанын - тапсырылғанын растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қала алады.

9.2.15. Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған жалақыны және шығындарды ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстардың қабылданғанын - тапсырылғанын растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қала алады.

9.2.16. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асырған және осы Шарт бойынша Орындаушы міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шарт тоқтатылған жағдайда (оның ішінде оны бұзу жолымен), Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асыруға күнтізбелік 10 (он) күн бұрын (шығыстары жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған), талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтаруға жататын соманың әрбір мерзімі өткен күні үшін 0,1%-ы көлемінде өсімақы төлеуге міндетті, бірақ өсімақы көлемі Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.2.17. Мердігер тарапынан Шарттың 4.28.36. тармағында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемелер

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе көрсетілген жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қала алады.

9.2.18. Мердігер жұмыстарды жүргізу кестесін бұзған жағдайда Мердігер Тапсырысшыға бұзушылыққа жол берілген жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес есепті ай үшін орындалмаған жұмыстар көлемі сомасының 5% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.2.19. Жұмыстарды орындау кезінде құрылыс технологиясын бұзғаны үшін, нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген нормаларды бұза отырып техникалық құжаттаманы жүргізу, өндірістік (арнайы) журналдардың, жасырын және аралық жұмыстар актілерінің, зертханалық қорытындылар мен геодезиялық есептердің, жұмыстар жүргізу жобасының болмауы немесе жасалмауы (толтырылмауы) және тапсырыс берілген жабдықтар мен материалдар бойынша құрылыс объектісі бойынша мәліметтер мен ақпаратты ұсынбауы үшін мердігер әрбір бұзушылық үшін шарттың жалпы құнының 0,01% мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 5% - ынан аспайды.

9.2.20. Шарттың 9.2 тармағымен көзделген, тұрақсыздық ақысын/айыппұл/өсімақы төлеу туралы талаптардан басқа, Шарт бойынша міндеттемелер Мердігермен бұзылған/орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 10.3.2 тармағына сәйкес, біржақты тәртіппен шарттың орындалуынан бас тартуға құқылы.

9.2.21. Пайдасына тұрақсыздық ақысы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық ақысынан (өсімақыдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

9.2.22. Тапсырысшының өз күшімен және өз есебінен Жұмыстарды ақаулар және/немесе кемшіліктер жойылған жағдайда, Мердігерд жұмсалған ондай шығындарды Тапсырыс берушіге қайтарады.

9.2.23. 9.2.4 және 9.2.7 тармақтарда көрсетілген тұрақсыздық ақысынан бөлек Мердігер Тапсырысшыға алынбаған пайданы қоса, шығындарды жоғарыда көрсетілген тұрақсыздық ақысының толық сомасымен қайтарады.

9.3. Мердігер осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төлеуге жататын сомадан Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтеуге жататын және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залал мен жіберіп алған пайда сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

9.4. Тұрақсыздық айыбын төлеуді мердігер төлем шотын қоса бере отырып, тиісті хабарламаны алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. Мердігер Тапсырысшы мердігерге тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шот орындалған жұмыстар үшін ақы төлеу жөніндегі және тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі біртектес қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

9.5. Мердігер растайды және Мердігерге тиесілі төлемнен осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық ақысын, сондай-ақ шығындар мен осы Шарт және Тараптар арасындағы басқа да шарттар бойынша Тапсырысшыға тиесілі алынбаған пайда сомасын ұстап қалуына келісім береді.

9.6. Жұмыстарды іс жүзінде орындау кезінде Тапсырысшы алдын ала төлеген сомадан аз сомаға Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырысшы аванстық қайтаруды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.7. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.7.1. Шарт бойынша төлем кешіктірілген жағдайда (оның ішінде аванстық төлемдер де), Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасының 0,1%-ы көлемінде әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін өсімақы төлеуі тиіс, оның көлемі Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.7.2. Мердігер ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ мерзімінде орындалмаған міндеттеме сомасының 10% -ынан аспайтын өсімақы төлеуге тиіс..

9.7.3. Тапсырысшы тарапынан Жұмыстарды қабылдау кешіктірілген жағдайда, Мердігер Тапсырысшыдан әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуін талап етуге құқылы, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.7.4. Тапсырысшы тарапынан орындалған жұмыстар актісіне қол қою себепсіз кешіктірілген жағдайда, Мердігер Тапсырысшыдан әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуін талап етуге құқылы, бірақ орындалмаған жұмыстар актісі сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

9.7.5. Тапсырыс беруші жасалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлейді

9.7.6. Тапсырысшы себепсіз дәлелдермен құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тапсырысшының

құжаттарды Мердігерге жұмыстарды орындауы үшін беруі талап етілетін болса), соның салдарынан МердігерШартпен қаралған өз міндеттемелерін орындай алмаған болса, Мердігер Тапсырысшыдан Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамасының тәртібіне сай, мерзімінің кешіктірілуіне байланысты келтірілген шығындардың қайтарылуын талап етуге, сондай-ақ жұмыстардың орындалу мерзімін Шарт талаптарын өзгертпестен, сол кешіктірілген мерзімге сай ұзарту;

9.8. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

9.9. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

9.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

9.11. Нақты орындалған жұмыстар сомасы Тапсырысшы тарапынан төленген алдын ала төлем сомасынан төмен болған күйінде Шарттың әрекет етуі тоқтатылған жағдайда, Тапсырысшы төленген қамту сомасынан жұмыс сомасының айырмашылығына қатысты аванстық қайтарып алуға құқылы.

9.12. Егер Мердігер жұмыстың дер уақытында орындалмауы немесе Мердігермен жұмыстың бәрі немесе бір бөлігінің орындалмауы Тапсырысшы кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырысшы Шарттың 9.2.4 және 9.2.7 тармақтары бойынша тұрақсыздық ақысын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

9.13. Шарттың 9 тарауымен көзделген бір немесе бірнеше жағдай орын алған кезде, Тапсырысшы бірнеше айыппұл санкциясын қатарынан шектеусіз қолдануға құқылы.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

10.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

10.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

10.3.3. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты, атап айтқанда:

10.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

10.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда); Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

10.3.4. Тәртіптің 31 бап 1 тармағында көрсетілген;

10.3.5. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

10.3.6. Тәртіппен анықталған өзге де жағдайларда;

10.3.7. Мердігер банкрот, төлем жүргізуге қабілетсіз деп жарияланған жағдайда, сондай-ақ рұқсат етуші құжаттарының (лицензиялар), Мердігерді Жұмыстарды орындауды жүзеге асыру құқығынан айыратын басқа да құжаттарының күші жойылғанда. Мұндай жағдайларда Шарт дереу бұзылады.

10.4. Шартты орындаудан Тапсырысшы біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Тапсырысшы Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттың бұзылу себебі көрсетілуі, жойылатын шарт міндеттемелерінің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Шартты бұзу кезінде жоғарыда көрсетілген жағдарларға сай, Мердігер Шарттың орындалуымен байланысты тек нақты жұмсалған шығындар төлемін бұзылатын күнге дейін ғана талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

11. Хат-хабар

11.1. Кез келген хат-хабар, құлақтандыру, есеп берулер, сұрау салулар, талап етулер, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарлаулар осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуы тиіс, күні бұрын берілуі және қолма қол немесе почта хабарламасы арқылы тапсырыс хаты түрінде, факспен немесе электронды почта арқылы беріліп, түпнұсқасы факс/электронды нұсқасын алғаннан кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеткізілуі тиіс. Хат алмасу түріндегі барлық құжаттарда осы Шартқа сай немесе байланысты Тараптардың деректемелері Шарт номерімен болуы тиіс.

11.2. Тапсырысты почта, курьерлік почта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілетін кез келген хабарлама (одан бұрын алынған растаушы болмаған кезде) берілу кезінде алғаны туралы белгі қою арқылы жеткізілген болып саналады.

11.3. Максимальды жылдамдықты қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы хат алмасулар электронды почта арқылы жүзеге асырылып, түпнұсқасы қағаз жүзінде Тараптар мекенжайына кейін жіберіледі.

11.4. Тараптар арасындағы жұмысшы хат алмасулар, максимальды жылдамдықты қамтамасыз етуі үшін, электронды почта арқылы жүзеге асырылады. Қол қою үшін құжаттар осындай тәсілмен жіберілген жағдайда, олардың түпнұсқасы артынша қағаз жүзінде почта арқылы жіберілуі тиіс. Тапсырысшы талабы бойынша кез келген хат алмасу Мердігерден қағаз жүзінде берілуі тиіс.

12. Шарттың қолданылу мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың қолдары қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Шарт бойынша Тараптармен өз міндеттемелері толықтай орындалғанға дейін әрекет етеді.

13. Еңсерілмес күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Егер бұл дүлей күш жағдайларының салдары болып табылатын болса (су тасқыны, жер сілкіну және басқа да апатты оқиғалар, эмбарго, соғыс немесе әскери әрекеттер, диверсия, терроризм, жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін немесе тыйым салатын мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің күші енуі), ол жағдайлар тараптар еркінен тыс болып, тараптардың өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермесе, тараптар осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толықтай немесе жартылай орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. При этом, к обстоятельствам непреодолимой силы не относятся забастовки работников, невозможность получения кредитного финансирования, отсутствие на рынке необходимых материалов/работ/услуг, финансовые и экономические кризисы, в том числе изменения валютного курса по отношению к тенге и т.д. Мұндайда, дүлей күш жағдайына жұмыскерлер ереуілі, несиеге қаржы алуға мүмкіндіктің болмауы, нарықта қажетті материалдар/жұмыс/қызметтердің болмауы, қардылық және экономикалық дағдарыстар, сонымен қатар теңгеге шаққанда валюта курсының өзгеруі және т.б. жатқызылмайды.

13.2. Кез келген Тарап дүлей күш жағдайы туындаған кезде, осындай жағдай орын алған күннен бастапқы 5 күн ішінде екінші Тарапқа жағдайдың орын алғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен расталуы тиіс.

13.3. Кез келген Тарап дүлей күш жағдайы туындаған кезде, осындай жағдай орын алған күннен бастапқы 5 күн ішінде екінші Тарапқа жағдайдың орын алғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен расталуы тиіс.

13.4. Осы Шарттың 13.2. тармағында айтылғандай тәртіппен дер уақытында немесе мүлде хабарланбауы, Тарапты өз міндетін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын кез келген жоғарыда айтылған жағдайға сүйену құқығынан айырады.

13.5. Егер Тараптардың өз міндеттерін толықтай немесе жартылай орындау мүмкіндігінен айырылу мерзімі 2 (екі) айдан асып кетсе, онда Тараптар осы Келісім-шартты бұзу және өзара есепайырысу құқығын иеленеді.

13.6. Подрядчик обязан принять разумные меры для обеспечения защиты выполненных Работ и всех Материалов и Оборудования Подрядчика, ресурсов и прочих позиций, связанных с Работами, построенных и принятых от Заказчика, от всех видов ущерба, повреждения, уничтожения, в период действия обстоятельств непреодолимой силы. График Работ может быть изменен Сторонами соответственно на срок действия обстоятельства непреодолимой силы.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Тараптар арасында осы Шартқа қатысты туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің бәрі, Қазақстан Республикасының

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

заңнамасына сәйкес шешіледі.

14.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Атырау облыстық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотпен шешіледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

15.9. Мердігер төмендегі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды: - мемлекетке байланысты тұлға және (бар/жоқ) оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалар (болып табылады/болып табылмайды). Мердігер қандай да бір саяси маңызы бар тұлға мердігердің лауазымды адамы немесе қызметкері болған не мердігердің тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы Тапсырысшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және қаржыландырудың тек заңды көздері ғана бар: - Мердігер мен оның Үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Мердігер немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Мердігер Тапсырысшыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді - Мердігер "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырысшының ресми веб-сайтындағы Тапсырысшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Мердігер ҚМГ Іскерлік этика кодексін және Тапсырысшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетіндігін куәландырады.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

16.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

16.3. Бұл тарау сот органдарының сұратуы бойынша және Шарт мәніне қатысты іс сотта қаралған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген, уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптары бойынша іс ашылған жағдайда қолданылмайды.

17. Зияткерлік меншік

17.1. Зияткерлік меншіктің барлық құқықтары, басқа да бүкіл мүліктік және Мердігермен осы Шарт шеңберінде жасалған және дайындалған ақпаратқа қатысты құқықтар Тапсырысшыға тиесілі. Егер Мердігер сондай ақпаратты анықтаса, дайындаса немесе құрастырса және соған қатысты авторлық құқық болмаса басқа да кез келген зияткерлік меншік құқығы немесе сол ақпаратпен байланысты басқа да құқықтар орын алса, онда сол жұмыстар, зияткерлік меншік және құқық осы келісім бойынша жалданып жасалған жұмыс болып табылады және бұл құқық Тапсырысшыға ғана тән меншік болып саналады. Мердігер Тапсырысшыға сол ақпаратқа қатысты зияткерлік меншіктің қорғалуын сақтауды қамтамасыз етуге және оны алуға көмектесуге тиіс, оның ішінде, арызға қол қою және құжаттарды беруге қатысты.

17.2. Барлық көшірмелер, үзінділер, сызбалар және өзге де материалдар немесе есепті білдіретін құжаттар түгелдей немесе жартылай кез келген келісімді ақпаратты білдіреді, олар Тапсырысшыға қайтарылуы немесе жеткізілуі немесе отыз жұмыс күні ішінде жойылуы тиіс, алғаш орын алған әрекеттен кейін: (i) осы Шарттың әрекет етуі тоқтаған соң; немесе (ii) Жұмыс аяқталған соң.

17.3. Егер ақпарат компьютерлік жүйеге немесе Мердігермен пайдаланылатын басқа деректерді сақтау жүйелеріне көшірілген болса, ондай деректер жазбасының бәрі қайтадан оқылмайтындай түрдегі тәсілмен жойылуы тиіс, тек (сол Шартты ашуға қойылған барлық шектеулер есебімен) резервке көшірілетін, жойылмайтын және іс жүзінде іске қосылмайтын электронды деректер бөлігін өндірушіден басқа жағдайда.

17.4. Мердігер осымен Тапсырысшыға осы Шарт бойынша жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Тапсырысшыға үшінші тұлғалар жұмыс нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты талаптар қойған жағдайда, мердігер осы кепілдіктердің талаптары бұзылған жағдайда Тапсырысшыға осыған байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

18. Сақтандыру

18.1. Берілген Шарт немесе Қолданымды заңнама бойынша өз міндеттемелерін шектемей, Мердігер берілген Баптағы сақтандыру өтелімдерінің тізіміне сәйкес Шарттың барлық мерзімі бойына қолданылатын сақтандыру тұрғысында қорғалуды сатып алуға немесе сатып алуды қамтамасыз етуге тиісті. Сақтандыру шарттары Қолданымды заңнамаға сәйкес сақтандыру ұйымдарымен жасалады, және сақтандыру тұрғысында қорғау Тапсырысшының мұндай сақтандыру тұрғысында қорғауды қамтамасыз ететін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Мердігер келесі сақтандыру өтелімдерін қамтамасыз етеді:

18.1.1. Қызметкерлерді сақтандыру. Қызметкер өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оның өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру.

18.1.2. Жалпы жауапкершілікті сақтандыру. Кез келген оқиғалардан немесе оқиғалар қатарынан Үшінші тұлғалар алындағы жауапкершілікті жалпы сақтандыру, Қолданымды заңнамамен белгіленген мөлшерде берілген Шарт бойынша Орындаушының орындалған Жұмыстарын өтеумен қасақана емес ластану және Апат нәтижесінде ластану үшін жауаптылықты қоса.

18.1.3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру. Үшінші тұлғаларға және көлік құралын пайдалану кезінде жолаушыларға тигізілген залал үшін жауапкершілікті сақтандыру, Қолданымды заңнама талаптарына сәйкес, Қолданымды заңнамамен белгіленген мөлшерде сақтандыру өтелімімен. Мердігер сақтандырудың мұндай түрін Қосалқы мердігерлермен/ Қоса орындаушылармен олармен пайдаланылатын автокөлік құралдарына қатысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

18.1.4. Заңнамамен белгіленген сомалар шегінде міндетті экологиялық сақтандыру. Қоршаған ортаға келтірілген залалдың зардаптарын жою жөніндегі шығындарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қоса алғанда, қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыру.

18.1.5. Мүлікті сақтандыру. Мердігердің мүлкінің қалпына келтіру құнының негізінде барлық қауіп-қатерден мүлікті сақтандыру, Жұмыс алаңына дейін және Жұмыс алаңынан Жабдықтарды тасымалдау кезіндегі өтеуді қоса. Мердігер сақтандырудың мұндай түрін Қосалқы мердігерлермен ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

18.1.6. Кәсіби қызмет барысындағы залалдарды сақтандыру.

18.1.7. Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті сақтандырудың кез келген басқа да түрлері.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

18.2. Осы Бапта көрсетілген сақтандыру полистері мен сомалары ең төменгі талаптар болып табылады және жауапкершілікті шектемейді, сондай-ақ көрсетілген сомадан артық кез келген сомаға қатысты Тапсырысшыға жауапкершілікті жүктеуші ретінде немесе берілген Шарт бойынша Мердігердің жауапкершілігін шектеуші ретінде саналмауы тиіс, егер тек Шартта басқа келісілмеген болса.

18.3. Наразылық болған жағдайда, берілген Бапта көрсетілген кез келген сақтандыру полисінің шегінде (мысалы, франшиза) сақтандыру өтемінен шегеріліп алынатын кез келген сомалар Мердігердің есебіне жатқызылуы тиіс. Мердігер Тапсырысшының өтініші бойынша шұғыл түрде барлық жоғарыда аталған шегерілетін сомаларды ұсынуы тиіс.

18.4. Аталған Баптың талаптарына байланысты Мердігер қамтамасыз етуі тиіс сақтандырудың кез келген түрінде тиісті сақтандырушылардың: • Тапсырысшыға немесе оның тиісті сақтандырушыларына қарсы суброгация құқына ие еместігі туралы шарты болуы тиіс. Сонымен қатар, берілген Баптың талаптарына сәйкес, жасалатын кез келген сақтандыру полисі Тапсырысшының мұндай сақтандыру полистері бойынша қосымша сақтандыруын қарастыруы тиіс. • сақтандырылғандардың бірі арқылы хабар беру барлық сақтандырушылардың атынан хабарлама болып саналады; • ақпаратты ашудан бір сақтандырылушының бас тартуы, сақтандыру шарты бойынша басқа сақтандырылушылардың наразылық білдіру құқығына зиянын келтірмейді.

18.5. Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) күн ішінде Мердігер Тапсырысшыға бекіту үшін Мердігердің сақтандыру полистерінің көшірмелерін ұсынуы тиіс, олар берілген Бапқа сәйкес Мердігер сақтандыруы тиіс әрбір сақтандыру өтелімдерінің түрін және мөлшерін және сақтандырудың/ қайта сақтандырудың тиісті схемасын растайды. Берілген Бап бойынша, талап етілетін сақтандыру өтелімдерінде сақтандырудың бұзылмайтындығы туралы ереже болуы тиіс, және оның шарттары Шарттың қолданылу мерзімі ішінде болжалды өзгерту немесе бұзу күніне дейін Тапсырысшыға 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жіберілген алдын ала жазбаша хабарламасыз өзгертіле алмайды. Тапсырысшы Мердігер орындауы тиіс барлық сақтандыру шаралары орындалмайынша Мердігерге жұмыстарды орындауғаруқсат етпеу құқына ие. Мердігер сақтандыру шарты бойынша берілетін наразылыққа негіз бола алатын кез келген оқиға туралы Тапсырысшыға қысқа мерзім ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

18.6. Берілген Бапты орындамау Мердігерді берілген Шарт бойынша кез келген міндеттемелерден босату ретінде ешқандай жағдайда қабылданбауы тиіс. Егер тигізілген залал немесе шығын үшін жауапкершілік Мердігердің сақтандыру компаниясымен кез келген себеп бойынша мойындалмайтын болса, немесе егер Мердігер берілген Бап бойынша талап етілетін сақтандыру полистеріне ие болмаса, онда Мердігер жауаптылыққа ие болады және Тапсырысшыны мұндай бас тартудың нәтижесінде немесе байланысты кез келген жауапкершіліктен, наразылықтан, сотта іс қараудан, залалдан, шығыннан, шығыстар мен шығындардан қорғауы, шектеуі және босатуы тиіс. Егер Мердігер берілген Баптың талаптарына сәйкес сақтандыру өтелімін қамтамасыз ете алмаса, Тапсырысшы берілген Шартта көрсетілген Мердігердің міндеттерінің өзгеріссіз қалуы шартымен, Шартты бұзу немесе Мердігер есебінен талап етілетін сақтандыру өтелімін алу құқын өзіне қалдырады.

18.7. Мердігер кез келген Қосалқы мердігерден Қолданымды заңнамаға сәйкес аталған Қосалқы мердігермен орындалатын жұмыстарға қатысты сақтандыруды және сомасын сатып алуды талап етуі тиіс. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер Тапсырысшыға әрбір мұндай тартылатын Қосалқы мердігердің сақтандыру өтелімін растайтын сақтандыру полистерін ұсынуға міндетті.

18.8. Тапсырысшы Мердігерден және онымен тартылған Қосалқы мердігерлерден сақтандырудың барлық түрлері бойынша сақтандыру өтелімінің сомасын көбейтуді талап етуге құқылы.

18.9. Шарт бойынша немесе Қолданымды заңнамаға сәйкес Мердігерден талап етілетін сақтандыру өтелімдері Тапсырысшымен ұйымдастырылған кез келген сақтандыру өтелімдерінен сақтандыру өтеміне Мердігердің қатысуын талап ету құқынсыз бастапқы сақтандыру өтелемдері ретінде есептелуі тиіс.

19. Санкциялық ескертпе

19.1. Тараптар осы Шартты Мердігер кепілдемесі негізінде және Мердігер өз бизнесін Экономикалық санкциялар туралы заңнамаға сәйкес және оны бұзбай жүргізді, жүргізіп келеді және жүргізе береді дегенге адал ниетпен сене отырып жасасады, және осы Келісім жасасқан күні Мердігер АҚШ-тың Қаржы министрлігінің шетелдік активтерін бақылау жөніндегі басқармамен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) болмаса кез келген өзге орган, департамент немесе АҚШ үкіметінің агенттігімен, Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе кез келген Еуропалық одақ мүшесі-мемлекетпен әкімшіліктендірілетін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсіндірілетін, Экономикалық санкциялар туралы заңнаманың сақталуына және ниеттенуіне бағытталған саясат пен процедураларды имплементациялады және қолдады. Мердігер кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді: (a) Мердігер де, оның аффилиирленген тұлғалары да, Мердігердің барлық акционерлері де Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List - арнайы бөлінген және бұғатталған жеке тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions - корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір болмаса бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімі санкциялар тізіміне кірмейді; (b) Шартты жасау және/немесе оның Мердігермен орындалуы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санциялардың бұзылуына соқтырмайды; (c) Мердігер Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын мердігердің шоттары, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттар оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын, ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

немесе қаржы мекемелерінде болады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі Басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign Financial Institutions list of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Мемлекеттік қаржының ашықтығы; (d)Мердігер де, оның аффилиирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер Экономикалық санкциялармен тыйым салынған немесе кез келген тұлғамен арадағы мұндай мәмлелер Экономикалық санкцияны бұзады немесе Санкцияланған тұлғалар пайдасына пайдаланылады немесе трактатталады деген кез келген тұлғамен немесе ұйыммен мәміле жасауға тартылмаған немесе ешқандай мәмілеге тартылмайды; немесе (e) Мердігер де, оның аффилиирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер кез келген келісім, мәміле, уағдаластықты немесе санкция салынған тұлғалармен қарым қатынасты немесе сондай тұлғалардың пайдасы үшін (кез келген жылжымайтын мүлікті қоса), болмаса Санкцияланған территорияда немесе Иран мұнайын, мұнай немесе мұнай химия өнімдерінің қатысуымен мәмілені қаржыландырмайды немесе жеңілдетпейді; немесе (f) Мердігер де, оның аффилиирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер кез келген басқа да жолмен Экономикалық санкцияның бұзылуына әкелмеуі немесе Экономикалық санкцияның бұзылуына ықпал ететін (Қормен) немесе кез келген үшінші тұлғалармен ықпал етпеуі тиіс; (g) Мердігер де, оның аффилиирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер мемлекет территориясы деген ұғымдағы, Экономикалық санкция таратылатын Санкцияланған территорияға орналаспайды, егер Санкциялық территорияда орналасуы Экономикалық санкцияның бұзылуына соқтырса немесе соқтыруы мүмкін болса; (h) Мердігер де, оның аффилиирленген тұлғалары да және (немесе) акционерлер Экономикалық санкцияға байланысты бұғатталған немесе тыйым салынған немесе Экономикалық санкцияның бұзылуына соқтыратын немесе соқтыруы мүмкін мүлікке мүдделі және үлестес болмайды немесе мүлікке тартылмайды; (i) осы Шартқа Мердігердің атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions-корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu – Based Sanctions List-SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы әкімшілендіретін (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізімі. (j) Мердігер міндеттенеді:

19.2. Егер Мердігердің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл емес болып шықса, болмаса Шарттың осы тарауының 19.1 тармағында көрсетілгеннен не болса да Мердігер тарапынан қамтылмайтын болса, Контрагент екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Мердігердің осындай кепілдігінің салдарынан немесе анық еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды, Шарттың осы тарауының 19.1 тармағымен көзделген Мердігер міндеттемелерінің бұзылуынан болған шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

